



АТАМЕКЕН

JAMBYL AÝDANDYQ QOǴAMDYQ-SAIASI, ÁLEÝMETTIK-EKONOMIKALYQ BASYLYM

Газет 1932 жылдан
бастап шығады



www.atamekengazeti.kz



Атамекен Газеті



@atameken_press



1932atameken@bk.ru



Жамбыл ауданында ауыл кәсіпкерлігін қолдауға бағытталған «Бір ауыл – бір өнім» жобасы аясында ауқымды көрме ұйымдастырылды. Бұл шара жергілікті кәсіпкерлердің әлеуетін танытып қана қоймай, ауыл экономикасын дамытуға мүмкіндік берді.

АУЫЛ КӘСІПКЕРЛІГІНЕ СЕРПІН БЕРГЕН КӨРМЕ

Көрмеге ауданның әр ауылынан 12 кәсіпкер қатысып, өз өнімдерін көпшілік назарына ұсынды. Қатысушылардың жұмыстары әртүрлі бағытты қамтыды. Атап айтқанда, табиғи сүт өнімдері, мөнерлеп сырғанаушыларға арналған арнайы киімдер, аяқ киім өндірісі, ұлттық колонер бұйымдары, жеміс-жидек өсіру, сондай-ақ қолдан дайындалатын жартылай фабрикаттар секілді өнімдер ұсынылды. Бұл – ауыл тұрғындарының кәсіпкерлікке бейімділігі артып, тың идеялар мен жаңа бағыттардың қалыптасып келе жатқанын байқатады.

Көрмеде ұсынылған әрбір өнім – тек тауар ғана емес, ауылдағы еңбек пен ізденістің, кәсіпкерлік ойдың нақты нәтижесі. Қатысушылар өз ісін дамытуға деген талпынысын, сапаға деген жауапкершілігін және нарық талаптарына бейімделу қабілетін көрсете білді.

Ұсынылған жобаларды жан-жақты сараптау мақсатында арнайы комиссия құрылды. Оның құрамында Алматы облысы кәсіпкерлер палатасы директорының экономикалық мәселелер жөніндегі орынбасары Жанна Қырғызалықызы, аудан әкімінің орынбасары Азамат Жақсылықұлы, шағын және орта бизнесті қолдау бөлімінің мамандары, Жамбыл ауданы филиалының директоры Кенжекеев Мақсат және аудандық ӘҚДЖСК төрайымы Молдашева Меруерт болды.



Сарапшылар әр жобаның сапасына, бәсекеге қабілеттілігіне және болашақ даму мүмкіндіктеріне ерекше назар аударды. Сонымен қатар, кәсіпкерлерге өз өнімдерін жетілдіру, нарыққа шығу және өндірісті кеңейту бағытында нақты ұсыныстар берілді.

Аталған көрме – тек өнім таныстыру алаңы ғана емес, ауыл кәсіпкерлерінің тәжірибе алмасуына, жаңа серіктестіктер орнатуына және өз ісін жаңа деңгейге көтеруіне жол ашатын маңызды бастама. «Бір ауыл – бір өнім» жобасы аясында қолға алынған мұндай шаралар ауылдық жерлердегі шағын және орта бизнестің дамуына тың серпін беріп, өңір экономикасының нығаюына ықпал етпек.

Туризм мен агросекторды біріктірген бірегей жоба

Дегерес округіне қарасты Сұңқар ауылында ірі инвестициялық жоба – «DEGERES DISTRICT» кешенін іске асыру жоспарланып отыр. Ауқымды бастама өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына тың серпін бермек.

Жобаның жалпы аумағы 383 гектарды құрайды. Оның ішінде 18,3 гектары демалыс аймағына бөлінсе, қалған 364,7 гектары ауыл шаруашылығы бағытын

дамытуға арналмақ. Бұл – туризм мен аграрлық саланы ұштастырған кешенді жоба екенін көрсетеді.

Жобаға тартылатын инвестиция көлемі 10,2 млрд теңгені құрайды. Негізгі ерекшеліктерінің бірі – заманауи сауықтыру орталығының ашылуы. Мұнда табиғат аясында демалуға мүмкіндік жасалып, қоспасыз ұлттық тағамдар ұсынылады. Сондай-ақ қымыз бен саумал арқылы емдеу қызметі жолға қойыламық.

Аталған жоба өңірдің туристік әлеуетін арттырып қана қоймай, жаңа жұмыс орындарының ашылуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен өңдеуге тың серпін беріп, жергілікті экономиканың дамуына оң әсерін тигізеді.

Осындай отандық жобалардың жүзеге асуы – ел экономикасының нығаюына бағытталған маңызды қадам болып табылады.

Аудан әкімдігінің баспасөз қызметі.

Дегересте байланыс қолжетімділігі артты

Дегерес ауылында ұялы байланыс сапасын жақсартуға бағытталған маңызды қадам жасалды. Ауыл тұрғындарының өтініші негізінде елді мекенде Beeline ұялы байланыс желісі іске қосылды.

Бұған дейін Дегерес ауылында тек Activ және Tele2 байланыс операторлары қызмет көрсетіп келген еді. Енді жаңа оператордың қосылуы арқылы тұрғындар байланыс қызметтерін кеңінен әрі сапалы пайдалануға мүмкіндік алды.

Жаңа желінің іске қосылуы ауыл тұрғындарының күнделікті тұрмысын жеңілдетіп қана қоймай, интернетке қолжетімділікті арттыруға, ақпарат алмасуды жеделдетуге оң әсерін тигізеді. Сонымен қатар бұл жаңашылдық білім алу, кәсіп жүргізу және мемлекеттік қызметтерді пайдалану мүмкіндіктерін де кеңейтеді. Аталған бастама – ауыл инфрақұрылымын дамыту жолындағы нақты қадамдардың бірі.



Спорт

Жас балуандар бақ сынады



Жуырда Жамбыл ауданының Ұзынағаш ауылында еркін күрестен 2012-2013 жылдары туған жасөспірімдер арасында Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Жамбыл ауданының Құрметті азаматы Алиев Атабек Анваровичтің жұлдесіне арналған облыстық турнир өтті.

Аталған жарыс жас балуандардың шеберлігін шыңдап, олардың спортқа деген қызығушылығын арттырып, сондай-ақ салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында ұйымдастырылды. Турнирге облыстың әр өңірінен келген жас спортшылар қатысып, өзара бақ сынады. Жарыстың ашылу салтанатында ұйымдастырушылар мен құрметті қонақтар сөз сөйлеп, жасөспірімдерге сәттілік тіледі. Олар өз сөздерінде ел намысын қорғайтын болашақ чемпиондар дәл осындай жарыстарда шыңдалатынын атап өтті. Белдесулер тартысты әрі қызықты өтті. Әр салмақ дәрежесінде балуандар өздерінің техникалық

шеберліктерін көрсетіп, жеңіске деген жігерлерін дәлелдеді. Нәтижесінде 1 орынды Іле ауданы, 2 орынды Жамбыл ауданы, 3 орынды Қонаев қаласының балуандары қанжығаларына байлады. Жас спортшылардың арасында ерекше көзге түскен балуандар жеңіс тұғырынан көрініп, арнайы дипломдармен, медальдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Бұл турнир – тек спорттық бәсеке ғана емес, сонымен қатар жасөспірімдерді достыққа, патриоттық рухқа тәрбиелейтін маңызды алаң болды. Осындай жарыстар арқылы жас буынның бойында ұлттық спортқа деген сүйіспеншілік артып, болашақта үлкен жетістіктерге жетуге жол ашылады. Ұйымдастырушылар алдағы уақытта да дәстүрлі түрде өткізілетін бұл турнирдің ауқымы кеңейіп, жас таланттарды анықтауға өз үлесін қоса беретініне сенім білдірді.

А. ТАСКАРҰЛЫ
АТАМЕКЕН

САЙЛАУ

2026 жылғы 26 сәуірге тағайындалған Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Теміржол ауылдық округі әкімі болуға тіркелген кандидаттар туралы қорытынды хабарлама

№ п/п	Аты-жөні	Туған жылы	Атқаратын лауазымы, жұмыс орны мен тұрғылықты жері	Кім ұсынды немесе өзін-өзі ұсыну
1.	Айбазов Марат Сарсенбайұлы	1977	«Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасы» ММ-нің бас маманы. Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қазбек бек бекетінің тұрғыны.	«AMANAT» партиясы ұсынды
2.	Чашабаев Азамат Тұрсымбекұлы	1975	Жамбыл ауданы, Мыңбаев ауылдық округі әкімінің орынбасары. Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылының тұрғыны	Өзін-өзі ұсыну тәртібімен
3.	Шарип Нұрболат Эдиқұлы	1993	«Жамбыл ауданы Таран ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің бас маманы. Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Б.Қыдырбекұлы ауылының тұрғыны.	Өзін-өзі ұсыну тәртібімен

АЙБАЗОВ Марат Сарсенбайұлы



Мен, Айбазов Марат Сарсенбайұлы – 1977 жылы 11 қазанда Алматы облысы, Іле ауданы, Ақши ауылында дүниеге келдім. 2001 жылы Қазақ ұлттық аграрлық университетінде «Зоотехния» мамандығын меңгердім. Алғаш еңбек жолымды «Р-Күрті» ЖШС-де бастадым.

2009 жылы Қарасай ауданы, Қарағайлы ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы; 2009-2013 жылдары Жамбыл ауданы, Теміржол ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы;

2013-2015 жылдары Жамбыл ауданы, Теміржол ауылдық округі әкімінің орынбасары; 2015-2023 жылдары Жамбыл ауданы, Айдарлы ауылдық округінің әкімі;

2023-2024 жылдары Жамбыл аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің бас маманы;

2024 жылы Іле ауданының ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы; 2025 жылдан бастап Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік экологиялық инспектор қызметін атқарып келемін.

Теміржол ауылдық округінің өзекті мәселері мен тұрғындардың қажеттіліктерін жақсы білемін. Алдағы уақытта ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына әрі халықтың әл ауқатын арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргіземін.

Мені ауыл әкімі етіп сайласаңыздар, алдағы 4 жылда: 2026-2027 жылдары мемлекеттік мекемелердің қазандықтарын табиғи газға қосуға; 2027-2028 жылдары ауылдың ішкі көшелерін жөндеуден өткізуге;

2027-2029 жылдары Қазбек бек ауылында спорт кешенінің құрылысын жүргізуге;

2028-2029 жылдары балаларға арналған воркаут алаңдарын орнатуға;

2028-2029 жылдары ортақ жайылым жерлерді кеңейту және мал шаруашылығын дамыту мақсатында ұсақ мал бордақылау алаңын ашуға;

2029-2030 жылдары ауылдағы әлеуметтік осал санаттағы азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін жалдамалы пәтерлер немесе тұрғын үй салуға;

Ауылдың бюджетіне инвестиция тарту арқылы:

- Ауыл халқының әл-ауқатын жақсартуға, оның ішінде жаңа жұмыс орындарын ашуға, жұмыссыздықты азайтуға;

- Индустриалды аймақта кәсіпкерлікті дамытуға;

- Ауыл шаруашылығы мен агроөнеркәсіп саласын өрістетуге;

- Ауыл кәсіпкерлеріне қолдау көрсетіп шағын және орта бизнесті дамытып, жергілікті бюджеттің кірісін арттыруға;

- «Жер аманаты» бағдарламасы аясында ауыл шаруашылығы мақсатындағы игерілмей жатқан жерлерді анықтап, мемлекет меншігіне қайтаруға;

- «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында ауыл тұрғындарының табысын арттыруға бағытталған өндірістік жобаларды іске асыруға, жеңілдетілген несие алу мүмкіндігін кеңейтуге және жаңа жұмыс орындарын ашуға бар күшімді саламын;

- «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында халықтың құқықтық және қаржылық сауаттың арттыруға және сыйбалас жемқорлыққа қарсы күресуге ықпал ететін.

Құрметпен, Айбазов Марат Сарсенбайұлы!

ЧАШАБАЕВ Азамат Тұрсымбекұлы



Чашабаев Азамат Тұрсымбекұлы – 1975 жылы 27 сәуірде Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Жаңақұрылыс ауылында дүниеге келген. Білімі – жоғары. 1997 жылы В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын «инженер-механик» мамандығы бойынша бітірген. «AMANAT» партиясының мүшесі. Үйленген, төрт баласы бар.

2022 жылдан бастап, осы уақытқа дейін Мыңбаев ауылдық округі әкімінің орынбасары болып қызмет атқарады.

БАҒДАРЛАМА ТЕЗИСТЕРІ

- Округ бойынша салық түсімдерінің мерзімінде жиналуына ықпал ету;
- Орта және шағын бизнесті дамыту, кәсіпкерлерді қолдау;
- Халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға және жалғызбасты, көпбалалы аналарға атаулы әлеуметтік көмектің берілуін ұйымдастыру;
- Елді мекендерді көркейту, көгалдандыру, жарықтандыру және санитарлық тазалық шараларын ұдайы ұйымдастыру;
- Жастарға салауатты өмір салтын насихаттау, ұлттық спорттың дамуына үлес қосу.

ШАРИП Нұрболат Эдиқұлы



Шарип Нұрболат Эдиқұлы – 1993 жылдың 10 желтоқсанында Алматы облысы, Жамбыл ауданына қарасты Таран ауылында дүниеге келген. Білімі – жоғары. 2022 жылы Шымкент қаласындағы іргелі оқу орнында «Құқық» мамандығы бойынша білім алған. «AMANAT» партиясының мүшесі. Отбасылы, үш баласы бар.

2019 жылдан бастап, осы уақытқа дейін Таран ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы болып жұмыс істейді.

БАҒДАРЛАМА ТЕЗИСТЕРІ

- Теміржол ауылдық округін жарықтандыру
 - Елді мекен көшелерін толық жарықтандыру жұмыстарын кезең-кезеңімен жүзеге асыру;
 - Қауіпсіз әрі заманауи жарық көздерін орнатуға ықпал ету.
- Автомобиль жолдарын жөндеу және жақсарту
 - Округ аумағындағы жолдардың сапасын арттыру мақсатында жөндеу жұмыстарын жүргізуге қолдау көрсету;
 - Ішкі көшелерді кезең-кезеңімен қалпына келтіру және күтіп ұстау.
- Абаттандыру және көгаландыру жұмыстарын дамыту
 - Округтің санитарлық тазалығын қамтамасыз ету;
 - Ағаш отырғызу, жасыл аймақтарды кеңейту және демалыс орындарын абаттандыру;
 - Тұрғындарға қолайлы әрі көрікті орта қалыптастыруға ықпал ету.



ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер қоршаған ортаны қорғау мәселесін талқылады

3 сәуір күні Бішкек қаласында Қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне жауапты ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің министрліктері мен ведомстволары басшыларының жетінші кеңесі өтті. Оның жұмысына Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министрі Н. Құрмалаев қатысты. Кеңес басталар алдында ШЫҰ елдері делегацияларының басшылары «Али-Арча» мемлекеттік табиғи паркінің аумағына ағаш отырғызуға қатысты, осылайша ШЫҰ өңірі елдерінің экожүйелерді қалпына келтірудегі бірлігін және орнықты даму қағидаттарына бейілділігін растады.

Н.Құрмалаев өз сөзінде: «Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының құрылғанына 25 жыл толуы аясында ол өзін сенімді нығайту, өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту және заманауи сын – тегеуріндерге бірлесіп әрекет ету үшін беделді және тиімді алаң ретінде көрсетті», – деп атап өтіп, 22-24 сәуір күндері Астана қаласында Өңірлік экологиялық саммит өткізу туралы айтып, қазақстандық тарап ШЫҰ-ның барлық елдерін Саммиттің жұмысына және оның шеңберінде жоспарланып отырған «ШЫҰ мен ЮНЕСКО экологиялық әріптестігі: өңірдің орнықты болашағы үшін бірлескен іс-қимыл» тақырыбындағы жоғары деңгейдегі арнайы сессияға белсенді қатысуға шақырды.

Тараптар атмосфералық ауаның сапасын жақсарту жөніндегі бастаманы мақұлдады және ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің Еуразияның биоәртүрлілігін сақтау және орнықты басқару жөніндегі бірлескен іс-қимылдары жөніндегі бастамасының жобаларын және 2026-2031 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын қарауды жалғастыруға уағдаласты.

Іс-шара қорытындысы бойынша бірлескен өтініш пен кеңес хаттамасына қол қойылды.

<https://primeminister.kz/>

<https://www.gov.kz/>

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ МЕН ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПКЕ ЕРЕКШЕ НАЗАР

ҚР Премьер-министрінің орынбасары, Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева мен Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов Алматы облысындағы туристік нысандардың жазғы маусымға дайындығын тексерді.

Жұмыс сапарына орталық мемлекеттік органдардың, Үкімет аппаратының өкілдері, сондай-ақ Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев қатысты.



Тексеру барысында Қонаев қаласындағы коммуналдық жағажайлар мен «ASP Arena» көпфункционалды кешені қаралды. Облыс әкімдігі мен бейінді қызметтер санитариялық дайындық, қауіпсіздік шаралары, медициналық, құтқару және құқық қорғау қызметтерінің жұмысы, сондай-ақ демалушыларға қолайлы жағдай жасау жөнінде баяндады.

Аида Балаева нысандардың толық дайындығын дәл қазірден бастап қамтамасыз ету қажеттігіне ерекше назар аударды. Сонымен қатар халықпен уақытты түсіндіру жұмыстарын жүргізудің, судағы қауіпсіздікті, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің және қоғамдық тәртіпті сақтаудың маңыздылығын атап өтті.

Сонымен бірге барлық жағажайлар мен демалыс аймақтары әкімдіктердің қарауында емес екені де арнайы айтылды. Осыған байланысты Аида Балаева жекеменшік нысандардың иелері де тазалыққа, қоғамдық тәртіпке, инфрақұрылымның жай-күйіне және ең алдымен адамдардың судағы қауіпсіздігіне толық жауапкершілікпен қарауға тиіс екенін айтты. Облыс әкімдігіне демалыс аймақтары иелерінің атына қауіпсіздікті қамтамасыз ету, санитариялық талаптарды сақтау және жазғы маусым кезеңінде жұмысты тиісті деңгейде ұйымдастыру жөніндегі ұсынымдар қамтылған тиісті хабарламалар әзірлеу тапсырылды.

Премьер-министрдің орынбасары туристік аймақтарда жұмыс істейтін қоғамдық тамақтану

орындары мен өзге де сервистік нысандар қызметінің заңдылығын бақылау қажеттігіне де айрықша назар аударды. Уәкілетті органдардың еңбек заңнамасының сақталуын, қызметкерлермен, оның ішінде жұмысқа тартылатын жастармен және студенттермен жасалған еңбек шарттарының болуын, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі талаптарының орындалуын тексеруді қамтамасыз ету тапсырылды. Азаматтардың құқықтары толық көлемде сақталуға тиіс екені атап өтілді. Бұл демалушылардың да, жергілікті тұрғындар мен қызметкерлердің де құқықтарына бірдей қатысты.

Сонымен қатар көлік логистикасы, автотұрақтардың жеткіліктілігі, жол қозғалысын ұйымдастыру және жаппай демалыс орындарындағы көлік ағынын реттеу мәселесі де көтерілді. Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік талаптарын бұзуға қатаң әрекет ету қажеттігі бөлек көрсетілді. Аида Балаева барлық белгіленген талаптар мүлтіксіз сақталуға тиіс екенін, ал құқық бұзушыларға қатысты шаралар уақыты әрі заңнамаға сәйкес қабылдануы қажет екені айтылды.

«Таза Қазақстан» идеологиясы жай ұран болып қалмай, туристік нысандардың жай-күйінен көрініс табуы керек. Ол тазалықтан, тәртіптен, кеңістіктің түсінікті ұйымдастырылуынан және ортақ демалыс орнына деген құрметтен байқалуға тиіс. Ал «Заң мен тәртіп» қағидаты барлық қызметтің нақты әрі үйлесімді жұмысынан және қауіпсіздік талаптары мен қоғамдық тәртіп нормаларын бұзғандарға қатысты шаралардың бұлтартпай қолданылуынан көрінуі қажет», – деді А.Балаева.

Жұмыс сапарының қорытындысы бойынша Премьер-министрдің орынбасары аумақтардың санитариялық жағдайын күшейтуді, инфрақұрылым мен қауіпсіздік қызметтерінің дайындығын қамтамасыз етуді, халықпен профилактикалық түсіндіру жұмыстарын жандандыруды, сондай-ақ коммуналдық және жекеменшік демалыс нысандарына жүйелі бақылау орнатуы тапсырды. Сонымен бірге заңдылықтың сақталуына, азаматтардың еңбек құқықтарын қорғалуына және меншік иелерінің қауіпсіздік, тәртіп пен көрсетілетін қызмет сапасы үшін жауапкершілігіне ерекше мән берілді.

<https://primeminister.kz/>

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі зейнетақы жинақтарының жеткіліктілік шегін қайта қарауды ұсынуда

Қазақстанда зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегін қайта қарау туралы Үкімет қаулысының жобасы әзірленді. Бұл шек азаматтардың зейнет жасына жеткенге дейін немесе зейнетақы төлемдерін алу үшін жинақтарының қандай бөлігін пайдалана алатынын айқындайды. Құжат «Ашық НҚА» порталында жарияланып, 2026 жылғы 21 сәуірге дейін қоғамдық талқылауда болады.

Ең төменгі жеткіліктілік шегі – болашақта ай сайынғы зейнетақы мөлшерінің заңнамада белгіленген ең төменгі зейнетақы деңгейінен төмен болмауын қамтамасыз етуге бағытталған көрсеткіш. Бұл шекті есептеу тетігін жетілдіру қазіргі экономикалық жағдайларды ескере отырып, жинақтаушы жүйе арқылы зейнетақымен қамсыздандырудың тиімділігін арттыруға бағытталған.

Бұған дейін Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (БЖЗҚ) 2026 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша қазақстандықтардың зейнетақы жинақтарының көлемі 26,87 трлн теңгеден асқанын хабарлаған болатын. Бұл өткен жылдармен салыстырғанда айтарлықтай жоғары көрсеткіш. Сонымен қатар, міндетті зейнетақы жарналары бойынша жинақтардың өсімі

жалғасуда, бұл болашақ зейнеткерлер үшін оң үрдіс болып табылады.

Сондай-ақ, 2026 жылғы наурыздан бастап ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша



зейнетақы төлемдерін тағайындаудың өтінішсіз тәртібі енгізілді – азамат зейнет жасына жетіп, тиісті жинақтары болған жағдайда төлемдер автоматты түрде тағайындалады.

Ұсынылып отырған өзгерістер ең төменгі жеткіліктілік шегін анықтау тетігін әділ ірі тұрақты етуге, сондай-ақ азаматтардың өз зейнетақы қауіпсіздігіне деген сенімін арттыруға бағытталған.

Қазақстанда бензин бағасын реттеуге қойылған мораторий аяқталды

2026 жылғы 1 сәуірден бастап Қазақстанда АИ-92 маркалы бензин мен дизель отынының бөлшек бағасын ұстап тұру мақсатында енгізілген мораторий ресми түрде аяқталды. ҚР Энергетика министрлігі мораторий мерзімі аяқталғаннан кейін жанармай құю станциялары желілеріне нарықтық жағдайды ескере отырып, жанар-жағармай бағасын өз бетінше қалыптастыруға рұқсат берілгенін растады.

Энергетика вице-министрі Сұңғат Есімханов Үкіметтің баспасөз конференциясында нарық біртіндеп реттелетінін, тұтынушылар үшін бағаның күрт өсуіне жол берілмейтінін атап өтті.

Қауіптенулерге қарамастан, алғашқы күндері бағаның күрт өсуі байқалған жоқ: көптеген жанармай құю бекеттерінде бензин бағасы ай басымен салыстырғанда шамамен 1 теңгеге ғана қымбаттады. Мысалы, ірі қалалардағы кейбір бекеттерде АИ-92 бензині литріне шамамен 223–226 теңге, ал дизель отыны шамамен 330 теңге көлемінде сатылуда (бірнеше ЖҚС желілерінің деректері).

Соған қарамастан, мұнай бағасының өзгеруі мен жеткізу шығындарының артуын ескерсек реттеудің алынуы бағаның біртіндеп өсуіне жол ашып отыр. Сарапшылар қысқа мерзімде күрт қымбаттау болмайды дегенмен, алдағы уақытта бағаның өсуі мүмкін екенін айтады.

Бұл жүргізушілер үшін жанармайдың әлі де қолжетімді екенін білдіреді, алайда мемлекеттік шектеу алынғаннан кейін баға динамикасы біртіндеп нарықтық модельге көшпек.

«Атамекен-ақпарат»

Қазақстан Республикасының Үкіметі 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясын түсіндіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітті.

Тиісті қаулыға Премьер-министр Олжас Бектенов қол қойды.

Үкімет ҚР Конституциясын түсіндіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітті

Құжат Конституцияның негізгі ережелерін түсіндіру бойынша жүйелі жұмысты ұйымдастыруға, азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру, Негізгі Заң ережелерінен туындайтын заңнамалық шараларды жүзеге асыруға бағытталған.

Жоспар үш бағыт бойынша 36 іс-шараны қамтиды: ұйымдастыру шаралары, ақпараттық-түсіндіру жұмыстары және Конституцияның орындалуын құқықтық қамтамасыз ету.

Атап айтқанда, ұйымдастырушылық іс-шаралар аясында Конституция мәтінін басып шығару және тарату, оның ішінде мүгедектігі бар адамдар үшін бейімделген форматта әзірлеу, Конституция электронды платформаларда орналастырылады.

Сондай-ақ ғылыми-сараптамалық қамтамасыз ету, ақпараттық-көрнекі безендіру, тақырыптық материалдар шығару, көрме және ағартушылық жобаларын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспарланған.

Халықтың құқықтық мәдениеті мен құқықтық сауаттылығын қалыптастыру ісіне көңіл бөлінуде. Жоспарға оқыту семинарлары мен білім беру іс-шараларын өткізу, мектеп және ЖОО бағдарламаларының мазмұнын жаңарту, «Құқық негіздері» және «Заң мен тәртіп» курстарын, әдістемелік материалдар мен балалар басылымдарын әзірлеу кіреді.

Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары аясында бірқатар іс-шаралар мен кешенді медиа-жоспар әзірленді.

Конституцияның жүзеге асырылуын құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар, оның ішінде аңнамалық шараларды іске асыру, қолданыстағы заңнаманы талдау, Негізгі Заңның нормаларын ескере отырып, стратегиялар мен тұжырымдамаларды өзектендіру шаралары бөлек қарастырылған.

Жалпы Жоспар Конституция нормаларын халық арасында кеңінен түсіндіруді және еліміздің Негізгі Заң ережелерінің толыққанды жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

<https://primeminister.kz/>

Ауыл шаруашылығы

«ҚазАгроҚаржы» АҚ 2026 жылғы 6 сәуірден бастап «Өз жем-шөбіміз» және «Жеңілдетілген лизинг» бағдарламалары бойынша ауыл шаруашылығы техникасын лизингке алуға өтінім қабылдайды.

«Өз жем-шөбіміз» және «Жеңілдетілген лизинг» бағдарламалары бойынша өтінім қабылдайды



Мемлекет басшысының 2026 жылы отандық мал шаруашылығын дамыту бойынша жүктеген міндеттері аясында «Өз жем-шөбіміз» бағдарламасын іске асырудың маңыздылығы арта түсті. Жем-шөп бағасын нығайтудан бастап дайын өнім шығаруға дейінгі толыққанды өндірістік тізбекті құру мәселесі сапалы техникалық жарактандыруды талап етеді.

Бұл бағдарлама аясында аграрлық сала өкілдері жем-шөп дайындайтын техниканы және мобильді суару жүйелерін (қазақстандық және шетелдік өндіріс) жеңілдікпен лизингке алуға мүмкіндік береді.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА САҚМАН БАСТАЛДЫ

Алматы облысында мал шаруашылығы қарқынды дамып келеді. Ата кәсіптің өркендеуіне жер жағдайы мен ауа-райы да өте қолайлы. Өңірде мал басы бойынша Жамбыл ауданы бірінші орында тұр. Қазір мұнда сақман басталып кетті, – деп хабарлайды Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің маманы Дүйсенәлі Еңкелешовтың айтуынша, биыл 24 ауылдық округте 588 мыңнан астам саулық қой тіркелген. Оның 18500-і ауыл шаруашылық құрылымдарына, 455 мыңнан астамы шаруа қожалықтарына, 113800-і жеке тұрғындарға тиесілі. Биыл Жамбыл ауданындағы шопандар төлден шашу шығармай, жарты миллионнан астам (530 000 мың) қозы алуды жоспарлап отыр. Ол үшін 295 000 тонна шөп, 48000 тонна жем азығы дайындалған.

«Жыл сайын Жамбыл ауданындағы мал басы 5-10 пайызға артып келеді. Былтыр қой саны 1 млн 95 мың болса, биыл 1 млн 102 мыңға жетті. Төрт түлікті асылдандыру жұмысы тыңғылықты жүріп жатыр. Ауданда қазіргі таңда 260 мың бас асыл тұқымды қой бар. Негізгісі – қазақтың қышықты, биазы және жартылай биазы жүнді қойлары. Жалпы санына шаққандағы үлесі – 18,6 пайыз. Оның 164 мыңы – саулық. Ендігі жоспар бұл көрсеткішті 30 пайызға жеткізу», – деді маман.

Шопандардың айтуынша, биылғы қыс төрт түлікті өте жайлы болған.



Мәтібұлақ, Талап, Үнгіртас, Ұзынағаш, Жамбыл, Теміржол, Қарасу, Айдарлы, Бозой, Сарытауқұм, Үлгілі ауылдық округтерінің шаруалары ақпан айының орта шегінен мал төлдететін қора-жайларына көшіп келген. Солардың бірі – Алматы Әлжанов. Ол өткен жылы 500 бас асылтұқымды гиссар қойын алып, шаруашылығын бастаған. Алдағы уақытта қой санын 3000-ға жеткізуді жоспарлап отыр. Мемлекет тарапынан бөлінетін субсидияға да өтініш беріпті.

Айта кетейік, елімізде мал шаруашылығының дамуына ерекше көңіл бөлінген. Еті, сүті мен жүніне, мал бордақылау ісіне де жеңілдіктер қарастырылған. Әсіресе, мал асылдандыруға ерекше қолдау көрсетіледі. Алматы облысында да бұл бағыттағы жұмыстар жоспарға сай жүргізілуде.

Алматы облыстық ӨКҚ.



Әкім және әлеумет

ӨТКЕНІ ӨНЕГЕ – БҮГІНІ БЕРЕКЕ

Бүгінгі әнгіміздің өзегі Суықтөбе ауданында орналасқан, аудан орталығы Ұзынағаш ауылынан батысқа қарай 25 шақырым жердегі Аққайнар ауылы туралы болмақ. Іле Алатауы мен Жетіжол жотасының түйіскен жеріндегі тау етегінің қуаң агроклиматтық белдеуінде жатқан Аққайнар ауылдық округі өзінің даму кезеңінде бірнеше атауға ие болған, бірнеше рет өзгеріске ұшыраған тарихы терең қызырлы аймақтың бірі. Міне, сондықтан да осы елді мекеннің алғашқы құрылу тарихына тоқталсақ, XIX ғасырдың екінші жартысында орыс патшалығы қазақ өлкесін үш генерал-губернаторлыққа бөліп, өздері үшін басқаруға қолайлы жағдай туғызған. Осы бөліктерге сәйкес Жетісу жері Түркістан генерал-губернаторлығының құрамына енгізілген. Ал, біздің Қастек болысы (Жамбыл ауданы) Жетісу облысының Верный уезіне кірген. Міне, осы кезде патша үкіметі шаруалардың бас бостандығын бергеннен кейін көптеген орыс шаруалары жерсіз далада қаңғырып қалған. Бұдан соң қиын жағдайда қалған орыс шаруаларына патша үкіметі отар елдердің жерін тартып алып берген. Сонымен қатар, оларды шет аймақтарға қоныстандыра бастаған.

Сондай аймақтың бірі Аққайнар ауылдық округі. Бұл аймақ ертеректе «Салқын саз» деп



аталған. Осы өңірді Мырзабек, Кәшке, Төре тұқым, Бессары, Нұрабай, Сүйіндік, Тілеуабыл руларынан тарайтын ұрпақтар мекендеген. Тарихи деректерге сүйенсек, «Салқынсаз» ауылы 1912 жылы 31 желтоқсанда «Прудки» бөлімшесі болып аталған. Өйткені бұл бөлімшеде орыс ұлтының саны басымдау болатын. Негізінен ауыл маңындағы өзен мен сулардың көптігіне байланысты бұл ауылға тоспа жасалып, осындай атау берілсе керек. Сондай-ақ, аталмыш округ колхоз кезінде «Ворошилов», «Карасу», «Новая жизнь», «Молотов» деген атауларды иемденгені көпшілікке белгілі. Ал, 1960-1991 жылдарға дейін ауыл барлық құжаттар бойынша «Прудки» деген атымен белгілі еді. Ел тәуелсіздігінің екінші жылы бұл ауылға жергілікті тұрғындардың өтінішіне қарамастан «Аққайнар» деген тарихи аты қайтарылды. Осы ауылды «Новая жизнь» колхозы кезінде Петроченко, Әбдіқайым Мадияров, Алмабек Ақшалұлы, Райымжан Кенжебаев сынды азаматтар басқарған. Бұдан соң Аққайнар ауылдық округінің төрағасы, кейіннен әкімі болып Әлібай Айтбаев, Мұса Әбікенов, Сәрсек Темірәлиев, Тұрысжан Тұнғатаров, Руслан Мадияров сынды азаматтар қызмет атқарды. Сондай-ақ, осы азаматтар ауылдың абаттануына, көркеюіне, тұрғындардың әл-ауқатының көтерілуіне жан-жақты жағдай жасады. Бұл күнде Аққайнар



ауылдық округін Қайрат Ахметалиев табысты басқарып келеді.

Аққайнар ауылдық округі бүгінде әлеуметтік өмірі мен экономикасы дамыған, сонымен қатар жаңашылдықтар мен жаңғыруға бет бұрған ауыл. Жері негізінен мал шаруашылығын өркендетуге өте қолайлы. Ал, әсем табиғаты талайды таңдай қақтырған қызырлы мекен.

Қазіргі таңда округке қарасты елді мекенде 438 тұрғын үйде 2824 халық тұрып жатыр. Бұл – бір қарағанда жай ғана статистика. Ал шын мәнінде, бұл – әр шаңырақтың тіршілігі, әр отбасының тағдыры, ауылдың тұтас тынысы. Халық құрамында 168 зейнеткер, 46 мүмкіндігі шектеулі азамат, 5 ерекше бала бар. Сонымен қатар 3 Ауған соғысының ардагері мен 5 тыл еңбеккері – ел тарихының тірі куәсі. Ал «Алтын алқа» және «Күміс алқа» иегері атанған 50 ананың болуы – ауылдағы демографиялық өсім мен отбасы құндылықтарының берік екендігін айқындайды. Округтегі басқару жүйесі де ықшам. 2026 жылы өкім аппаратында 5 мемлекеттік қызметкер еңбек етуде. Аз құраммен үлкен жауапкершілікті аркалап отырған бұл құрылым ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын үйлестіруге күш салып келеді.

«Аққайнардағы білім ордасының іргесі 1976 жылы қаланған. Уақыт сынынан өткен бұл ғимарат бүгінде жаңа келбетке ие болды. Қазіргі уақытта 1-11 сыныптарда 375 оқушы білім алса, мектепалды даярлық тобында 31 бала тәрбиеленуде. Мектепте 48 педагог қызмет етеді. Оның ішінде 2 педагог-зерттеуші, 17 педагог-сарапшы, 12 педагог-модератор және 8 санатты мұғалім бар. Бұл – білім сапасын арттыруға бағытталған кәсіби әлеуеттің қалыптасқанын көрсетеді. 2023-2024 оқу жылында



15 түлек мектеп бітіріп, оның 2-і «Үздік аттестатқа» ие болды. ҰБТ-ға 12 оқушы қатысып, орташа балл 66,5 нәтижесін көрсетті. 5 түлектің грант иегері атануы – ауыл мектебі үшін үлкен жетістік.

Әлеуметтік қолдау да жүйелі жүргізілуде. 71 оқушы ыстық тамақпен қамтылып, мемлекет тарапынан әр балаға 43 407 теңге көлемінде қаржы бөлінді. «Мектепке жол» акциясы аясында 12 оқушыға мектеп формасы мен аяқ киім, 17 оқушыға қысқы киім берілді. Сонымен қатар демеушілер есебінен 20 оқушы ноутбукпен қамтамасыз етілді. 2024 жылы мектепке 1 млрд 123 млн теңге бөлініп,

күрделі жөндеу толық аяқталды. Бұл – ауыл болашағына салынған инвестиция.

Алайда білім сапасы тұрғысынан әлі де ойланатын мәселелер бар. ҰБТ көрсеткішінің орта деңгейде қалуы – білім сапасын одан әрі арттыру қажеттігін көрсетеді. Бұл бағытта педагогтардың кәсіби дамуын күшейту мен оқушылардың білімге ынтасын арттыру маңызды.

Денсаулық сақтау саласын сараласақ, Мемлекет басшысының биылғы Жолдауының маңызы ерекше. «Ұлт денсаулығы – табысты болашағымыздың негізі» делінген. Осы ұлт денсаулығын жоғарылату ісінде қажырлы еңбек етіп, өз жұмыстарын тиянақты атқарып жүрген ауылдық ауруханалар аз емес. Солардың бірі – Аққайнар ауылдық амбулаториясы. Нақты мәліметтерге сүйенсек, аталмыш аурухана ғимараты 1982 жылдың қазан айында салынған.



Бүгінде ауыл тұрғындарының денсаулығын жақсарту мақсатында екі қабатты типтік ғимаратта орналасқан дәрігерлік амбулатория үздіксіз қызмет көрсетуде. Бір жыл ішінде дәрігерлерге қаралу саны 7260-қа жетсе, оның 4285-і ауру бойынша, 684-і үй жағдайында жүргізілген. Медициналық мекемеде жалпы практика, педиатрия, емшара, егу, акушерлік және күндізгі стационар бөлімдері жұмыс істейді. Жалпы 3 дәрігер, 6 медбике және басқа да медицина қызметкерлері халыққа қызмет көрсетуде. 175 адам тегін дәрі-дәрмекпен қамтылған. Медициналық қызмет көрсетуде 3 дәрігер мен 6 медбике жұмыс істейді. 2025 жылы 26 әрбір дүниеге келіп, 11 адам қайтыс болған. Дегенмен, ауыл медицинасында кадр тапшылығы сезіледі. Халық санына шаққанда дәрігерлер саны жеткіліксіз. Бұл болашақта медициналық қызмет сапасына әсер етуі мүмкін. Сондықтан білікті мамандарды тарту – басты міндеттердің бірі.

Аққайнар ауылдық округінің негізгі тірегі – ауыл шаруашылығы. Жалпы 6141 гектар жердің 3965 гектары егістік, 2102 гектары жайылымдық алқап. Округ бойынша 88 шаруа қожалығы тіркеліп, 200-ден астам адамды жұмыспен қамтып отыр. 2025 жылғы көрсеткіш бойынша ірі қара саны – 1573, қой-ешкі – 11740, жылқы – 2222, құс – 3290-ға жетті. Мал шаруашылығы бағытында жылқы мен құс санының артуы – оң үрдістің белгісі.

Егіс алқаптарында да жоспарлы жұмыстар толық орындалған. 1500 гектарға күздік бидай, 1800 гектарға арпа, 200 гектарға сұлы, 45 гектарға картоп, 60 гектарға көкөніс егілген. Мемлекеттік бағдарламалар аясында да нақты нәтижелер бар. «Ауыл аманаты», «Кең дала», «ҚазАгроҚаржы» бағдарламалары арқылы шаруалар техника алып, мал басын көбейтуге мүмкіндік алды.

Салық түсімдері де жоспардан асып, 2025 жылы 118 пайызға орындалды. Жалпы 35 млн 664 мың теңге түсім жиналды. Округте шағын және орта бизнес нысандары да қызмет көрсетуде. Атап айтқанда, 1 наубайхана, 4 азық-түлік дүкені, 1 монша және жанар-жағармай бекеті халық игілігіне жұмыс істеуде. Қоқыс шығару қызметі де жүйеленіп, әр ауладан ай сайын 2000 теңге көлемінде төлем алынып, апта сайын тазалық жұмыстары жүргізілуде.

«Аққайнар ауылында 13 көше бар. Соның ішінде бірнеше көшеде жарық толық орнатылмаған, ал бір

көшеде мүлде жоқ. Бұл – тұрғындардың қауіпсіздігі мен тұрмыс сапасына әсер ететін маңызды мәселе. Ауыз су мәселесі толық шешілген. Су жүйесі жөндеуден өткен. Газбен қамту деңгейі 90 пайызды құрайды. Бірақ 40 үй әлі де газға қосылмаған. Яғни, инфрақұрылым дамып келеді, бірақ толық қамтуға жету – алдағы міндет.

Мәдениет үйі ауылдың рухани өмірінің орталығы болып отыр. Мұнда әртүрлі үйірмелер жұмыс істеп, жастар мен тұрғындарды өнерге баулуға. Бұл – ауыл өмірін тек экономикалық емес, рухани тұрғыдан да дамытуға ықпал ететін маңызды сала.

Аққайнар – даму үстіндегі ауыл. Мұнда жетістік те бар, мүмкіндік те көп. Білім беру жүйесі жаңарып, ауыл шаруашылығы дамып, салық түсімі өсіп келеді. Сонымен қатар шешімін күткен мәселелер де жеткілікті. Мәселен, мал басының азаюы, жұмыссыздықтың кей бағыттары, көше жарығының толық орнатылмауы, газдандырудың толық аяқталмауы. Бұл мәселелер жүйелі түрде шешімін тапқанда ғана ауылдың әлеуеті толық ашылады.

Құқық қорғау жұмыстары бойынша іс-шара жоспарға сәйкес бекітілді. Балалар мен жастар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу барысында ата-аналар мен мектеп әкімшілігі кезекшілік құрып, түнгі рейдтер жүргізді. Аққайнар ауылдық округі әр жыл сайын оқушылардың ешқандай мұқтаждық көрмей, сабаққа толық қатысуын қамтамасыз ету үшін «Мектепке жол» республикалық акциясы ұйымдастырады. Осы акцияның орындалу барысында ауылдық кәсіпкерлердің қолдауымен тұрмысы төмен жанұялар мен көпбалалы отбасының балалары мектепке керекті құрал-жабдықтармен қамтылуда.



Бүгінде бұл округ Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауын жүзеге асыру жолында аянбай еңбек етуде. Біз ел мен жердің өркендеуіне сүйелі үлес қосуды басты мақсат санаймыз, – дейді ауыл әкімі Қ.Ахметалиев.

Иә, десе дегендей, Жамбыл ауданы бойынша тарихи сонау 1912 жылдан бастау алатын ең ежелгі елді мекеннің бірі. Бұл ауыл – талай ұрпақты тәрбиелеп, талай азаматты тұлғатқан қасиетті топырақ. Уақыт ағымымен талай атауды бастан өткергенімен, өзінің болмысын, рухын жоғалтпаған елді мекен бүгінде жаңа кезеңге нық қадам басып отыр. Мұнда білім жаңарып, инфрақұрылым біртіндеп түзелеп, ауыл шаруашылығы дамып келеді. Халықтың тұрмыс-тіршілігі де жыл санап жақсарып, әлеуметтік қолдау шаралары да жүйелі жүзеге асуда.

Алайда, кез келген дамушы аймақ секілді, мұнда да шешімін күткен түйткілер жоқ емес. Мал басының азаюы, жастар арасындағы жұмыссыздық, көше жарығы мен газдандыру мәселелері – уақыт күттірмейтін міндеттер. Бұл мәселелер тек ресми көрсеткіштер емес, ауыл тұрғындарының күнделікті өмір сапасына тікелей әсер ететін маңызды факторлар. Дегенмен, ең бастысы – Аққайнарда алға ұмтылыс бар. Елдің бірлігі, тұрғындардың еңбекқорлығы мен жергілікті биліктің жүйелі жоспары бар жерде бұл түйткілдердің де түйіні тарқары сөзсіз.



Имандылық

Алқымызда: «Отан отбасынан басталады», – деген даналық сөз бар. Отбасы – адам үшін қасиетті ұғым. Еліміздің ертеңі отбасына байланысты. Елдің мәртебесін асқақтататын батыр да, ғалым да, Хакім де отбасынан шығады.


Ислам діні некенің бұзылмауына ерекше мән береді, шаңырақтың шайқалмауын көздейді. Сондықтан шариғат заңында неке мәселесі ерекше орын алады. Өйткені кішкентай шаңырақтан қоғам құрылады. Ер мен әйел тату болса қоғамда да жайлы тұрмыс орнайды.

Дінімізде ер мен әйелдің өздеріне тиісті міндеттері бар. Олар тиісті міндеттерін дұрыс атқарса, онда шаңырақта қуаныш пен бақыт орнайды. Мемлекетіміздің тұғыры биік болуы үшін әрбір отбасында береке мен бірлік болуы керек. Ислам дінінде отбасылардың ажырасуы құпталатын іс емес.

Отбасының иесі – ер адам. Сондықтан, отбасындағы барлық жауапкершілік ер адамға артылады. Шариғат ер адамға отбасындағы кез-келген мәселеде сабыр етіп, ашуды ақылға жеңдіріп, байыппен онды шешім қабылдауын қалайды. Ер адам әуелі өзгені емес, өзін тәрбиелеуі тиіс. Бұл – маңызды мәселе. Өйткені, қоғамды жақсылыққа өзгертуді ұйымдаған адам ең әуелі өзін өзгертуді қажет.

Өзгенің бойынан жақсы қасиеттерді көргісі келген пенде сол асыл құндылықтар өзінің тұла бойынан көрініс табуы керек. «Алла Тағала қасиетті Құран Кәрімнің «Рағыд» сүресінің 11-аятында: «Қайбір қауым өзін-өзі өзгертпейінше Алла оны өзгертпейді», – деп баяндаған. Адам түзелсе, оның отбасынан жақсылықтың нышаны байқалады. Отбасы түзелсе, қоғам, қауым ізгілікке қадам басады.

Екіншінен, Құдай қосқан қосағымызға жақсы қарау, яки оның бойына көркем мінез құндылықтарын қалыптастырып, адами қасиеттің алтын дәнін егу керек. Әйел – Алланың аманаты. Оның әдебі мен тәрбиесіне жолдасы жауапты. Қыз-келіншекке тән нәзіктік оның табиғи жаратылысына қатысты құбылыс. Оның сезімталдығы мен жалпы болмысын қалыптасты жағдай ретінде қабылдаған абзал.



Жаратушы Жаппар Иеміз «Ниса» сүресінің 19-аятында күллі адамзат баласына: «Әйелдеріңмен жақсы тұрып, жақсы қарым-қатынаста болыңдар», – деп әмір еткен. Алланың нәсіп еткен сыйын разылықпен қабылдап, оған жақсы қарап, көркем қарым-қатынас жасау – мұсылманның міндеті.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Иман тұрғысынан мүміндердің ең көмілі – мінез-құлқы ең жақсы болғандар. Сендердің ең ардақтыларың – жарлары мен балаларына жақсы қарағандарың. Араларыңда жанұясына ең жақсы қарайтын менмін», – деген. Пайғамбар сүннетіне адалдық оның амалдарын орындаудан басталады емес пе?

Даналық мектебі болған Төле би бабамыз: «Адамның басшысы – ақыл, шолушысы – ой, жетекшісі – талап, қорғаушысы – сабыр, сынаушысы – халық, таусылмайтыны – арман, ең қымбаттысы – ар сақтау, бәріннен ардақтысы – өмір сүру, соның ішінде ең тәттісі – сыйластық», – деген екен. Екі жастың жан дүниесі осындай асыл қасиеттермен безендірілген

болса, ол шаңырақ бақытты болады. Ер адам нәсіп мен ашуын емес, әрдайым ақылын басшылыққа алса, ой таразысына салып шешім қабылдап, бақытты отбасын құруға талаптанса, сабырды серік етсе, оның отбасы бақытқа бөленеді.

Бабаларымыз: «Екі жақсы қосылса, өлгенінше дос болады. Екі жаман қосылса өлгенінше өш болады», – деп тектен тек айтпаса керек. Ислам діні ер адам сүйікті жұбайына жұмсақ мінез танытып, әрдайым көркем мәміледе болуын міндеттейді. Өйткені әйел адам – ер азаматтың өмірлік адал жары, қуанышта да, қайғыда да қасынан табылатын сүйеніші.

Ата-бабаларымыз әйелді бір қолымен бесік тербетсе, екінші қолымен дүниені тербеткен абзал жан, асыл ана деп бағалаған. Сондықтан да ол – жұмсақ мінез бен көркем мәміле жасауға ең лайықты. Әйелге лайық, отағасылық міндетті атқару – әрбір мұсылман ерге парыз. Себебі, әйел Жаратқан Иенің ер адамға тапсырған аманаты болғандықтан, сол аманатқа қиянат жасау мұсылмандыққа тән қылмық емес. Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі

болсын): «Әйелдеріңіз үшін Алладан қорқыңыздар! Өйткені сіздер Алла алдында оларды аманат етіп алдыңыздар», – деген.

Амр ибн әл-Ахуас әл-Жушамиді (ол кісіге Алла разы болсын) былай деген екен: «Пайғамбарымыз қоштасу қажылығында Алла Тағалаға мақтау айтып, шүкіршілік білдірген соң жамағатқа былай деп насихат айтқанын естідім: «Әйелдеріңе жақсы қараңдар, өйткені сендер шын мәніде оларға жауаптысыңдар. Анық арсыздық жасамайынша (күйеуіне опасыздық жасамайынша немесе бойсұнудан бас тартпайынша), олармен тек жақсы қарым-қатынаста болуға тиіссіңдер. Сендер үшін бұдан басқа жол жоқ...». Демек, әйелдің әлдебір сөзі немесе оғаш қылығы ажырасуға басты себеп болмауы керек.

Алла Тағала қасиетті Құранда отбасында ер адамның рөлі мен орнын ерекше атап өткен. «Ниса» сүресінің 34-аятында былай делінген: «Әйелді нәпақамен қамтамасыз ету, қорғау және тәрбиелеу ер адамның міндеті болғандықтан) нағыз ерлер әйелдерге басшы һәм қорған. Мұның себебі, Алланың кей адамдарды кейбіреуінен (басқару, қорған болу, қамқорлық жасау сынды мәселелерде) әлдеқайда артық (әрі қабілетті етіп) жаратқандығы, сондай-ақ ер адамдардың (әйелдеріне мәһір беру һәм отбасының нәпақасын табу сынды) маңызды жауапкершілік арқалағандығы...».

Бұл айтқан нағыз ер адам өз әйеліне әрқашан қорған болуы тиіс екенін анық аңғарамыз. Сонымен қатар отбасын асырау, бала-шағаны жақсылыққа тәрбиелеу ер азаматтың асыл міндеті екенін білеміз. Бұл аят ер адамға барлық істе үстем, биік болу керектігін үйретуде. Демек үлгі-өнеге көрсетуде ең бірінші ер азамат алға шығуы керек.

Алла Тағала баршамыздың отбасымызға бақ-береке, шаңырағымызға шаттық, бала-шағамызға имани тәрбие нәсіп етіп, екі дүние бақытына бөлегей! Әмин!

Айдос ЖАМБЫЛУЛЫ,
Ақтау қалалық «Бекет ата»
мешітінің наиб имамы.



12 сәуір – Ғарышкерлер күні

7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні

1961 жылдың 12 сәуірінде Қазақстанның «Байқоңыр» айлағынан алғашқы ғарыш кемесі аспанға ұшты. Бұл – барша адамзат тарихындағы маңызды әрі айтулы оқиға. Осылайша Юрий Гагарин әлемнің тұңғыш ғарышкері атанса, Байқоңыр – ғарыш айлағына айналды.

ҚАЗАҚСТАН МЕН ӘЛЕМ ҒАРЫШҚА ҚАДАМ БАСУДА

Сол жылдан бері көкке сағман ғарышкерлер саны тек арта түсті. Бүгінгі күнге дейін шексіз ғарышқа түрлі мақсаттағы сапарлар ұйымдастырылып, қарқынды ғылыми зерттеулер жүргізіліп келеді. Әрине, бұл бүкіләлемдік ғылыми қауымдастық үшін алға қарай ілгері қадам болды.

Тәуелсіздік таңы атқаннан кейін елімізде де ғарыш саласына ерекше назар аударыла бастады. Нәтижесі жаман емес, себебі қазақтың үш бірдей ері ғарышкер атанды. Токтар Өзбекіров, Талғат Мұсабаев және Айдын Айымбетов. Бүгінде бұл үш есім тәуелсіз Қазақстан тарихында алтын әріптермен жазылған.

Кең ғарышқа сапар жасаған қазақ – Талғат Мұсабаев. Ол 1951 жылдың 7 қаңтарында Алматы облысы, Жамбыл ауданына қарасты Қарғалы ауылында дүниеге келген. 1968 жылы Алматы қаласындағы №58 мектепті тәмамдағаннан кейін Ленин комсомолы атындағы Рига азаматтық авиация инженерлері институтында «Авиациялық радиоабдықтарды техникалық пайдалану» мамандығын меңгерген. 1974 жылы Қазақстанға оралып, бірнеше ай инженер болып жұмыс істеді.

Талғат Мұсабаев жұлдыздар әлеміне алғаш рет 1994 жылдың 1 шілдесінен бастап 4 қарашаға дейін сахаттады. Мұсабаев Жерден «Союз ТМ-19» кемесінің борт инженері ретінде ұшты. Сол кезде оған «Ағат-2» атағы берілген еді. Сапар кезінде Талғат Амангелдіұлы ашық ғарышқа екі рет шықты.

1996 жылдың 25 наурызынан бастап 1997 жылдың қаңтар айына дейін Мұсабаев ЭО-23 бағдарламасы бойынша екінші экипаждың командирі болып ұшуға дайындалды. 1998 жылы ұшып, ғарышта 29 қаңтардан бастап 25 тамызға дейін болды. Бұл жолы оған «Кристалл-1» атағы берілді. Сапар барысында Мұсабаев ашық ғарышқа бес рет шықты.

2001 жылы «Союз ТМ-32» кемесінің командирі ретінде ұшып, ғарыш әлемінде 28 сәуірден бастап 6 мамырға дейін болды.

2003 жылдың 27 қарашасында Мұсабаев ғарышкерлерді дайындау орталығы жетекшілігін шешімімен құрамынан шығарылды. Бұған оның басқа жұмысқа ауысуы себеп болды.

Талғат Мұсабаев әлемнің 309-шы, Қазақстанның 2-ші ғарышкері. Мұсабаевтың ата-анасы оның есімін ұшқыш Талғат Бигелдиновтің құрметіне орай қойған екен. Бір ай ішінде бес рет (30 сағат 8 минут) ашық ғарышта болған сапары үшін Гиннесстің рекордтар кітабына енген. Оның «алғашқы ғарыш хирургы» деген ресми емес атағы бар. 2001 жылғы сапарында ғарыш кемесінде болған ғарышкер-турист өзін жиысыз сезініп, денсаулығына шағымданған. Сол кезде Талғат Мұсабаев науқасқа укол салып, басындағы жарасын тіккен деседі. Ашық ғарышқа шыққан кезде, ғарышкердің кемеге бекітетін тетігі ажырап қалған, бірақ ажалдан аман қалуға мүмкіндік туған еді.

Бүгінде жаһан жұртшылығын қызықтырған «Артемиды» болып тұр. Адамзаттың ғарышты игеру жолындағы тағы бір маңызды қадамы жасалды: NASA ғарыш кемесі Жер орбитасынан шығып, Айға қарай бағыт алды. Бұл миссия тек ғылыми зерттеу ғана емес, болашақта адамдарды Айға тұрақты түрде жеткізуге жол ашатын стратегиялық жоба саналады. 1 сәуір күні NASA АҚШ-тағы Кеннеди ғарыш орталығынан «Artemis II» миссиясы аясында Айға бағытталған зымыранды сәтті ұшырды. Бұл жолы ғарышкерлер Айға қонбайды, тек оны айналып ұшып, Жерге қайта оралады.

Миссияға бірнеше ғарышкер қатысып отыр. Қазіргі уақытта ұшу жоспарға сай жалғасуда. «Artemis II» миссиясы астронавтарының әр басқан қадамы әлемге қызық. «Жердің жаңа суреті: өткен ғасырдан бері ғаламшарымыздың түсі «бұзылып» кетті», «Артемиды-2» түсірген Айдың тосын түстерінің мәңжайын ғалымдар түсіндірде», «Айдың адамзат көрген күнгірт жағы паш етілді», «Астронавтар ай тарапынан Күннің тұтылуын тамашалатты», «Адамның Жерден алашқтауының рекорды орнатылды» және басқа да сенациялық апараттар талассыз тарауда.

«Орион» ғарыш кемесін «ерттеп» мінген «Артемиды-2» миссиясының астронавтары адамзаттың ғарышты игеру тарихында тұңғыш рет Жерден ең алыс қашықтыққа ұзап, Айдың арғы бетін айналып ұшты. Бұрын ол «керуен» жолымен тек спутниктер жүрген еді.

«NASA астронавтары Рид Уайзман, Виктор Гловер мен Кристина Кохтан, сондай-ақ Канада ғарыш агенттігінің астронавты Джереми Хансеннен құралған «Артемиды-2» миссиясының экипажы сонау 1970 жылы «Аполлон-13» орнатқан рекордты (248 655 миль) жанартып, ғарышкерлердің Жерден ең алыс қашықтыққа ұзауы бойынша жаңа рекорд орнатты», – деп хабарлады NASA.

Өткен ғасырда «Аполлон-13» экипажы Жерден 400 171 шақырымға алыстаған болатын. «Артемиды-2» болса, бұл рекордты шамамен 6,5 мың шақырымға ұзартып, Жерден ең үлкен алаштық – 252 756 мильге (406 771 шақырым) жетті, деп нақтылады NASA.

Айдың арғы бетінің үстінен ұшып өту кезінде кемесі Ай бетіне барына жакын, минималды 6 550 шақырым қашықтықта болды. Сондықтан астронавтар Жер серігінің бұл бөлігін мұқият зерделеп, әрбір сайы мен тасына егжей-тегжейлі фотосүрілім



жүргізе алды. Айға жақындай сала, астронавтар бекітілген зерттеулер мен тапсырмалар тізімін орындауға кіріскен еді: олар саналуан цифрлық камералардың көмегімен айналаны суретке түсіріп, NASA нұсқаулығына сәйкес көргендерін өз дауыстарымен аудиоға жазып отырды. Сондай-ақ олардан қарындашпен суреттер мен эскиздер салу сұралды.

NASA-ның ғылыми тобы аудиожазбаның маңызды зор екенін қаперге салды. Адамның көзі ешқандай фото-видео камера байқай алмайтын нәзік реңктерді, контрастар мен текстураларды байқай қалуы мүмкін. Ал ғарышкерлер сыртқа қарап, көрген-білгенін сипаттағанда, видео назарынан тыс қалған жайттар анықталады.

Ғарыш кемесі Айдың Жерден ешқашан көрінбейтін арғы жағын айналып өтті. Жерсеріктер бұған дейін арғы бетті суретке түсіргенімен, адамдар бұл алып кратерлер мен жазықтарды жақын қашықтықтан өз көзімен алғаш көріп отыр.

Енді астронавтар 11 сәуір күні Гринвич уақытымен сағат түнгі 01:07-де АҚШ-тың батыс жағалауындағы Тынық мұхитының айдынына қонады деп күтілуде.

Оған дейін экипажды сапыстырмалы түрде алғанда тыныш бірнеше сынақ-эксперимент күндері күтіп тұр. Содан соң олар атмосфераға сағатына шамамен 40 000 шақырым жылдамдықпен сүңгіді және Тынық мұхитына жамбасын төсейді. Бұл кезеңде капсуланың жабыны тірі жанды лезде жағып жібере алатын қызудан қаншалықты қорғай алатыны және жердегі құтқару жүйелерінің жедел көмекке келе алу бойынша әбжілдігі сыналады.

Айды жақынан зерттеу неге маңызды? Яғни, бұл жолы америкалық ғарышкерлер Жердің серігіне аяқ басқан жоқ, алыстан орағытып өтті. Онда бұл миссияның маңызы неде? Ол бірнешеу.

Біріншіден, Америка бастаған Батыс әлемі Жердің спутнигін басыбайлы иеленіп, ресурстарын игерудің жолын қамтамасыз етеді. Бұл үшін оны барынша толық зерттеу керек. Ай қазір ешкімнің де юрисдикциясында емес. Ендеше, қандай ел бірінші болып, ондағы кен орындарын игере бастаса, сол иелік етуі мүмкін. Геологияда «бірінші келді – бірінші алды» қағидағы қолданылады.

Екіншіден, астронавтардың, тіпті колонизаторлардың келесі тобын жеткізетін технологиялар сыналууда. Әрине, «Орион» ғарыш кемесі «елге» оралған соң жетілдірілмейді, бұл жоба жойылды. Бірақ соның негізінде келесі буындағы ғарыш кемелері жасакталады.

Айға ұшудың басыла да маңызды себептерін BBC-дің ғылыми шолушысы Паллаб Гош түсіндірді.

«Ғалымдардың айтуынша, мұндай жақын қашықтықтан ұшып өту «Орион» экипажына Айға қонбай-ақ, төмен биіктікте аэрофотосүрілім жүргізгендей мұқият зерттеуге мүмкіндік береді. Ай бетінен шамамен 9 000 шақырым биіктікте ұшу кезінде NASA өз астронавтарынан «табиғи жыныстарды оқуды» – кратерлерді, құздарды және қатып қалған лава ағындарын ажыратуды, содан кейін оларды мүмкін болатын ең жоғары ажыратымдылықта суретке түсіруді сұрады. Бұл кескіндер, сондай-ақ «Орионның» лазерлік және бейне түсірілім деректері Ай бетінің карталарын нақтылауға көмектеседі және геологтарға Ай қыртысындағы миллиардтаған жылдар бойы қалай қалыптасқанын жақырақ түсінуге мүмкіндік береді», – деді Гош.

Зерттеушілер үшін полярлық аймақтар ерекше қызық. Дәл сол жерде, яғни мәңгілік мұз қабаты болуы мүмкін деп болжанған аудандарда болашақ америкалық экспедициялар қонады деп жоспарланған. Қай жерде мұз болса, сол жерде оттегі және су бар деген сөз.

Бедерлі беткейдегі жарық пен көлеңкелі ойынын бақылай отырып, астронавтар болашақ миссияларды жоспарлаушыларға қай асулар мен ойпаттардың қауіпті болуы мүмкін екені, қай тегіс жерлер қону аппаратының салмағын көтере алатыны және болашақта ресурстарды қайдан іздеуге болатыны туралы нақтырақ түсінік береді.

Ғалымдар сондай-ақ «қалқымалы ай шаңын» да бақылауда. Ол шаңды күн радиациясы мен электростатикалық күштер көтереді. Мұнда қатты бөлшектердің Ай бетінде қалай қозғалатынын ұғыну маңызды.

«Артемиды-2» – бұл сынақ ұшуы. Оның ізімі сонау 1972 жылдан бері алғаш рет адамдарды Айға қайта қондыру, сондай-ақ одан әрі қарай Марсқа пилотты миссияны атқандыру сияқты өршіл мақсаттар орындалуға тиіс, – деп жазды BBC.

Ғарышкерлер күні – тек тарихи дата емес. Бұл – адамзаттың шексіз мүмкіндіктерінің символы. Кеше Гагарин бастаған жол бүгін жаңа технологиялармен жалғасып, ертең адамды басқа ғаламшарларға жетелеуі мүмкін.

Ғарыш – шекарасыз кеңістік. Ал оны игеру – бір ғана елдің емес, бүкіл адамзаттың ортақ миссиясы.

Салауатты өмір салты және заманауи медицина

Дана халқымызда «Бірінші байлық – денсаулық» деген қанатты сөз бар. Бұл даналық сөздер өмірдің өзінен алынғаны анық. Бір қызғы, «Денсаулық дегеніміз не?» деген сұраққа маман дәрігерлер, аталған саланың небір ғұламалары әлі күнге дейін толымды, тұшымды, дәл анықтама бере алмай келеді. Десек те ДДҰ негіздеген анықтамалықта: «Денсаулық – жан, тән және адамның әлеуметтік жағдайының қондылығы» деген пәтуа айтылыпты.

Адам денсаулығы – бұл адамзаттың ең құнды байлығы. Онымен ештеңені байлықты да, қоғамдағы мәртебені де, атақ-даңқыны да салыстыруға келмейді. Бұл бізге табиғат сыйлаған нағыз байлық. Адам өз денсаулығын жас кезінен сақтауға міндетті, өйткені мықты ұлтты қалыптастыратын дені сау адам.

Жыл сайын бүкіл әлемде 7 сәуір Дүниежүзілік денсаулық күнін атап өтеді.

Бұл мереке 1948 жылы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (World Health Organization, WHO) құрылуына орай пайда болды. Мерекенің өзі 1950 жылдан бастап адамдардың физикалық және психологиялық денсаулығының маңыздылығын түсінуі үшін атап өтіледі, ал мемлекеттік ұйымдар медициналық салаға көбірек уақыт пен көңіл бөледі.

Осы орайда Қазақстанда 2029 жылға дейінгі «Денсаулық сақтау саласын дамыту тұжырымдамасы» қабылданған болатын.

Тұжырымдама – стратегиялық құжат. Онда тоғыз бағыт бар, әрқайсы бойынша көптеген жоспар мен бастамалар қарастырылған. Олар жалпылама көрсетілген. Тұжырымдама қабылданғаннан кейін, оларды егжей-тегжейлі пысықтап, енгізе бастайды.

Дегенмен, қазірдің өзінде алдағы төрт жылда қазақстандық медицинада не өзгертінін түсінуге болады. Біз тұжырымдамадағы, біздің ойымызша, ең қызықты тармақтар туралы айтамыз.

Салауатты өмір салты, денсаулық мәдениеті және позитивті ойлау

1-бағыт. «Денсаулық мәдениетін қалыптастырудың бірыңғай интеграцияланған жүйесіне көшу».

Құжат авторлары салауатты өмір салтына қатысты шашыраңқы бастамаларды денсаулық мәдениетін қалыптастыру мен профилактиканың ғылыми негізделген бірыңғай жүйесіне біріктіруді ұсынады.

Бұған қалай қол жеткізуге болады? Жоспар қандай?

Денсаулық мәдениетін қалыптастыру жөніндегі Ұлттық үйлестіру орталығын құру. «Саламатты шаңырақ» жаппай ұлттық ақпараттық науқаны арқылы денсаулық мәдениетін қалыптастырудың бірыңғай жүйесін іске асыру.

Халық денсаулығы, қауіп факторлары және денсаулық сақтау қызметтерінің қолжетімділігі туралы «Ұлт денсаулығы» кешенді бірыңғай есеп беру жүйесін енгізу. Білім беру жүйесінде салауатты өмір салты қағидаларын енгізуді жалғастыру.

Мектеп оқу бағдарламаларына психологиялық тұрақтылықты қалыптастыру, эмпатияны дамыту және позитивті ойлауды дамытуға бағытталған тақырыптарды енгізу жоспарланып отыр.

Есірткіге тәуелділікті мониторингтеу, зерттеу және алдын алу жөніндегі ситуациялық орталық құру.

Тұжырымдамада қоғамдық орындарда темекі өнімдерін, сондай-ақ ұзақ қолданғанда есері жеткілікті зерттелмеген өнімдерді (құжатта нақты қандай өнімдер екені көрсетілмеген – ред. еск.) тұтынуды шектеуге қатысты тармақтар бар.

БАҚ пен әлеуметтік желілерде тұз, қант, қаныққан май мен трансмайлар мөлшері жоғары өнімдердің жарнамасын шектеу туралы нақтырақ айтылған.

• Қант қосылған сусындарға акцизді кезең-кезеңімен енгізу.

• Энергетикалық сусындарды сатуға қатысты шектеулерді сақтамағаны үшін әкімшілік жауапкершілік енгізу шараларын әзірлеу.

Сонымен қатар, «цифрлық ортаның халықтың психикалық денсаулығына, әсіресе балалар мен жастарға теріс әсерін анықтау, алдын алу және азайту шараларын әзірлеу» ұсынылады. Мұнда да әзірге ешқандай нақтылық жоқ.

Скринингтерді қабылдау, профилактикалық қабылдау мен учаскелік дәрігердің ассистенті

2-бағыт. Жаңа буындағы бастапқы медициналық-санитарлық көмек

Негізгі мақсат – емханалардың профилактикалық бағыты мен диагностиканы күшейтеу.

Бұл үшін не істемек? Емхана дәрігерлерін оқытады:

Денсаулық мәдениетін қалыптастыру, профилактика және мінез-құлқыты тұрақты өзгерту мен имундау мәселелері бойынша мотивациялық кеңес беру әдістерін оқытады. Құжатта мұндай консультациялар қалай өтетіні нақты көрсетілмеген.

Онкологиялық ауруларды, қант диабетін ерте анықтау алгоритмілеріне, диабет алды жағдайындағы пациенттерді профилактикаға баса назар аудару отырып сүйемелдеуге оқытады.

2027 жылғы желтоқсанға қарай «жоспарланған профилактикалық қабылдау» атты жаңа қызмет пайда болады.

Емханалардың жұмысына қатысты да көптеген өзгеріс бар. Мысалы, скринингтерді есепке алу мен мониторинг жүргізудің цифрлық құралдары арқылы бақылау жоспарланған.

Скринингтердің клиникалық-экономикалық тиімділігін зерттеу ұсынылады – сарапшылар мұндай зерттеулерде тек сандық емес, сапалық көрсеткіштерге де назар аудару керек екенін айтатынын ескерсек, бұл маңызды мәселе.



Емханаларда жаңа лауазымды – жалпы практика дәрігерінің ассистентін енгізудің орындылығы қарастырылады.

Пациенттерді қолдау қызметі, сенім телефоны мен медициналық туризм

3-бағыт. Адамға бағдарланған және қолжетімді медициналық көмек

Бұл жерде медициналық көмекті қолжетімді етуге, өңірлер, қала мен ауыл арасындағы айырмашылықты азайтуға, адамның қажеттіліктері, сенім мен құрметке негізделген қатынасқа көшуге бағытталған жаңашылдықтар туралы айтылған.

Медициналық көмектің сапасы жөніндегі Ұлттық институт құру жоспарланып отыр.

Қазіргі медициналық ұйымдардағы бірыңғай пациенттерді қолдау қызметінің орнына жеке штатпен пациенттерді қолдау бөлімдері және ішкі сарптама бөлімдері (шағымдарды қарайды – ред. еск.) пайда болады. Бұл қазіргі уақытта бар мүдделер қастығысын, яғни шағымдарды бір ұйым өзі қабылдап, өзі қарайтын жағдайды болдырмау үшін қолға алынады.

Қолданыстағы 1414 бірыңғай байланыс орталығына қосымша медициналық ұйымдардың пациенттерді қолдау қызметінің бірыңғай сенім телефондары желісін ашу ұсынылады.

Медициналық көмектің қолжетімділігіне қатысты бірнеше маңызды тармақ бар.

Мысалы, шалғай және жету қиын өңірлерде медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру үшін жылжымалы стационарларды пайдалану ұсынылады.

2027 жылдың соңына дейін қатерлі ісік кезінде «жасыл дәліз» мерзімінің бұзылуын автоматты түрде бақылау енгізіледі.

Кейін бұл жүйені айналаға қауіпті ауруларға да қолдану жоспарланып отыр.

Жеке әйелдер консультациясы мен перзентханадағы әлеуметтік қызметкерлер

4-бағыт. Отбасылық әл-ауқат – жаңа стратегиялық бағдар

Бұл сау отбасын қалыптастыру мен дамытуға кешенді қолдау туралы бөлім.

Жүкті әйелдердің алмасу картасын электронды форматқа көшіру бойынша «Жүкті әйелдің денсаулық паспорты» жобасы – 2026 жылғы шілде.

Емханаларда жеке тіркеу бөлімі, процедуралық кабинет пен арнайы қабылдау кабинеттерін бар әйелдер консультациялары ұйымдастырылады. Онда жүкті әйелдерге арналған жеке терапевттер пен психологтар жұмыс істейді.

Перзентханалар мен перинаталдық орталықтарда әйелдердің босанғаннан кейінгі психикалық денсаулығын сақтау және депрессияның алдын алу үшін психологтардың жұмысы күшейтіледі.

«Сау ана» жобасы. Жергілікті әкімдіктердің қаражаты есебінен облыстық перинаталдық орталықтарда шалғай ауылдардан келген тәуекел тобындағы жүкті әйелдерге уақытша тұру орындарын ашу жоспарланған – 2027 жылғы желтоқсан.

Перзентханаларда әлеуметтік қызметкерлер кеңес береді. Бұл ең алдымен жаңа туған нәрестеден бас тартудың алдын алу үшін жасалады, оның ішінде бала ауру болып туылуға жағдайда. Әйелдерге мұндай жағдайда қандай мемлекеттік қолдау шаралары бар екені түсіндіріледі.

Перинаталдық скринингті кеңейту, болашақ ата-аналарды медициналық тексеруден өткізу жоспарланған.

Құжатта «ерлер денсаулығын нығайту шараларын» әзірлеу туралы да айтылған. Бұл скринингтер, денсаулық туралы сауатты арттыру және психологиялық көмек – орындау мерзімі 2027 жылғы желтоқсан.

АПВ вакцинасын ұл балаларға салу және антибиотиктерді бақылау

5-бағыт. Денсаулық сақтау жүйесінің тұрақтылығы мен қауіпсіздігі

Тұжырымдама авторлары санитарлық-эпидемиологиялық бақылау, эпидемиалар, төтенше жағдайлар және климаттың өзгеруі жағдайында халық денсаулығын сақтау шараларын атап өткен. Біз вакциналауға қатысты өзгерістерге тоқталамыз.

Медициналық ұйымдарда микробқа қарсы препараттарды қолдануды бақылау тетіктерін енгізу.

Эпидемиаларды ерте анықтау үшін ағынды суларды эпидемиологиялық зерттеуге арналған цифрлық платформа құру. Жүргізілген профилактикалық егу мен вакциналардың қозғалысы туралы электронды есеп енгізіледі.

Вакциналарды, иммунобиологиялық препараттарды және дәрілік заттарды сақтау мен тасымалдаудың суық тізбек мониторинг жүйесін автоматтандырылады.

Ұлттық екіп күнтізбесіне өзгерістер енгізу: 11 жастағы ұл балаларды АПВ-ға (адам папилломасын вирусына) қарсы вакциналауды енгізу; 16 жастағы жасөспірімдер мен жүкті әйелдерді қоса, көзжетелге қарсы вакциналауды бастау.

Вакциналар тапшылығы туралы барлық хабарламаны тіркеу және бақылау.

«Дәрігер-роботтар» және пациенттердің қатысуы

6-бағыт. Дербестендірілген және жоғары технологиялық медицинаны дамыту

Бұл цифрландыру мен технологияларды дамытуға қатысты бөлім.

Не ұсынады?

Цифрлық медициналық деректерді пайдалану негізінде дербестендірілген медицинаны енгізу. Ол үшін онкологиялық, кардиологиялық және сирек кездесетін ауруларға жеке бейімділікті анықтау үшін генетикалық тестілеуді кеңінен қолдану.

Роботтандырылған хирургияны және медицинада робототехниканы қолдануды дамыту.

Қуту уақыты, асқыну жиілігі, пациенттердің қанағаттануы және басқа параметрлер бойынша медициналық ұйымдарды автоматты түрде рейтингтеуді енгізу.

Пациенттердің қатысуын және өзін-өзі басқаруын арттыру. Ол үшін пациенттерге өздерінің зерттеу нәтижелеріне, тағайындаулар мен шешім қабылдауға қатысуға ыңғайлы, ауруға бейімделген қолжетімділікті беру жоспарланған.

Жетінші бөлім дәрілік қамтамасыз етуге және дәрілік заттарды ұтымды пайдалануға арналған.



Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген қайраткері, кинорежиссер Абдолла Қарсақбаевтың туғанына – 100 жыл

Кез келген ұлттың киносын көргенде көрермен тек оқиганы емес, сол халықтың жан дүниесін, өмір сүру философиясын, салт-дәстүрі мен болмысын танығысы келеді. Өйткені кино – халықтың ішкі үнін естіретін, оның рухын сезіндіретін ерекше өнер. Алайда осы үнді дәл жеткізіп, ұлттың «ісін» экран арқылы сезіндіре алатын режиссерлер сирек.

алатын саналы рухани күштің көрінісі. Қожа қозғалыс пен ішкі импульсті білдірсе, Оспан сол импульске мағына беріп, оны тұлғалық кемелдену жолына бастайтын бағдар қызметін атқарады. Олардың арасындағы байланыс билік пен бағынуға емес, сенім мен түсіністікке негізделген. Осы арқылы фильм жеке тұлғаның қалыптасуы сыртқы қысым арқылы емес, ішкі үйлесім мен рухани сабақтастық нәтижесінде жүзеге асатынын көркем түрде тұжырымдайды.

Фильм оқиғасы екі қарама-қарсы кеңістікте өрбиді: бірі – Қожа өмір сүретін ауыл, онда кеңестік мектеп пен тұрмыс тәртібі үстемдік етіп, адамдардың өмір салты сол кезеңнің нормаларына сай қалыптасқан; екіншісі – Оспанмен бірге барған жайлау, яғни көшпенді мәдениеттің табиғи әрі еркін кеңістігі. Бұл әлемде бәрі өзгеше: атқа міну, қымыз ішу, алтыбақан тебу, күреске қатысу – барлығы ұлттық өмір салтының тірі көрінісіне айналады.

Бұл тұрғыда фильмде дәстүрлі мағынадағы нақты протагонист пен антагонист жоқ. Мұнда қарама-қарсылық жақсылық пен жамандықтың емес, екі түрлі дүниетанымның, екі түрлі жолдың қақтығысы ретінде көрінеді. Бірі – үстем идеологияға сенген, сол арқылы болашақ құруға ұмтылған сана; екіншісі – өз ұлтының болмысын сақтап қалуға тырысқан рух. Токтар осы екі әлемнің ортасында қалған, өз тамырынан толық ажырамағанымен, өз жолынан адасқан кейіпкер ретінде көрінеді. Ал Жүніс – ұлтының жанашыры, тарихи жадты жоғалтпаған, еркін рухтың иесі.

Жүніс бейнесі формалды түрде «жағымсыз кейіпкер» ретінде ұсынылғанымен, оның бойынан далаға тән мәрттік, әділдік және елге деген адалдық айқын сезіледі. Ол – өз жолынан таймаған, ар-намысын айырбастамаған, рухы биік тұлға. Оның Токтарға деген қарым-қатынасы – осы адамдық өлшемнің ең биік көрінісі. Жаулас тарапта тұрғанына қарамастан, қарсыласын қамақта жалғыз

Фильмнің оқиғасы кеңес өкіметі орнау кезеңіндегі қазақ даласында өрбиді. Жаңа билік тәртібін орнатуға жіберілген қызыл әскер өкілі Хамитке «банды» деп танылған Құлдірені қолға түсіру тапсырмасы беріледі. Осылайша басталған қуғын біртіндеп қарапайым әскери операция шеңберінен шығып, терең психологиялық және идеялық қақтығысқа ұласады. Шексіз дала кеңістігі бұл тартыстың табиғи сахнасына айналып, кейіпкерлердің ішкі жалғыздығы мен рухани күйзелісін күшейте түседі.

Фильмдегі антагонист Құлдіре бейнесі бүгінгі көрермендік және кинотанулық қабылдауда мүлде жаңа мағыналық өріске ие болып, ұлттық еркіндік идеясының терең символына айналады. Сырттай «қудаланушы» кейіпкер ретінде ұсынылған ол, шын мәнінде, рухани тәуелсіздікке ұмтылған тұлғаның эрхандық метафорасы ретінде ашылады.

Фильмнің экспозициялық құрылымында берілген аспанда қалықтаған қыран құстың қызыл

ҰЛТ ТАҒДЫРЫНЫҢ ЭКРАНДАҒЫ КӨРКЕМ ШЕЖІРЕСІ

Осы тұрғыдан алғанда, қазақ халқының дүниетанымды мен әлемге деген өзіндік көзқарасын көркем бейнелер арқылы сақтап, оны экран тілімен сөйлете білген дара тұлғалардың бірі – Абдолла Қарсақбаев. Оның шығармашылық әлемі қазақ киносының тарихи-мәдени жадымен тұтасып, көрерменді ұлттың ішкі психологиясына, әлеуметтік шындығына терең бойлататын көркем кеңістікке айналды. Ал әрбір фильмі – халық тұрмысының табиғи тынысын, рухани құндылықтарының мөлдір арнасын жоғалтпай жеткізген ұлттық көркем модель. Сондықтан режиссердің экрандық әлемі бүгінгі күнге дейін мәдени код пен тарихи сананы сақтаған рухани мұра ретінде өз маңызын жойған жоқ.

А.Қарсақбаев шығармашылығындағы ерекше белес – Бердібек Соқпақбаев қаламынан туған «Менің атым Қожа» туындысымен табысуы еді. Өз ортасының «сотына» жиі ілінетін, тентектігі мен тапқырлығы қатар өрілген, бір жағынан аңғал, бір жағынан алғыр «қазақ Том Сойерінің» бейнесі режиссерді бірден баурап алды. Ол бұл шығармадан тек әдеби сюжет қана емес, нағыз кинематографиялық қуаты мол материалды таныды. Қожаның өмірі – шынайылығымен, ішкі динамикасымен, нәзік юморымен және өмірге деген оптимистік көзқарасымен 1960 жылдардағы «жылымық» кезеңнің рухымен үндесіп жатты. Бұл дәуірде кеңестік идеология адамның ішкі әлеміне, оның сезімі мен тағдырына бұл бұра бастаған еді. Осындай тарихи-мәдени жағдайда дүниеге келген «Менің атым Қожа» фильмі ұлттық киноның көркемдік жаңа тынысын ашты.

«Менің атым Қожа» – Қарсақбаев шығармашылығындағы ең шоқтығы биік туынды. Алғаш қарағанда фильм қарапайым ауыл баласының өмірін бейнелейтін жеңіл әрі көңілді шығарма сияқты көрінгенімен, оның астарында ұлттық болмыс, тарихи жады, отарлық тәжірибе және өзін-өзі тану мәселелері қабаттаса өрілген күрделі көркемдік кеңістік бар. Фильмнің ашылу сәті – Қожаның айна алдындағы көрінісі – сырттай қарапайым эпизод болғанымен, философиялық мәні терең. Айна алдында бала өзімен сөйлесіп, өзін таныстырады: «Менің атым Қожа». Бұл қарапайым сөз – өз болмысын жариялау, өзін әлемге таныту әрекеті ғана емес, сонымен қатар отарлық үстемдік жағдайында өзін-өзі тану үдерісінің көркем бейнесі. Бұл сәт көрерменге ұлттық сананың қалыптасуындағы символдық кодты ашып, жеке тұлғаның мәдени және тарихи контекстегі күресін көрсетеді.

Қожаның тағдыры – әкесіз өскен баланың тағдыры. Әке бейнесінің жоқтығы фильмде жеке трагедия ғана емес, терең символикалық мәнге ие. Әке – тірек, бағыт, тәртіп символы. Осы тұрғыда Қожаның жетімдігі тұтас халықтың тарихи күйімен үндеседі: өз мемлекеттілігінен айырылған, сыртқы ықпалға ұшыраған, өз жолын өзі табуға мәжбүр болған ұлттың ішкі күйзелісі осы баланың бейнесінде көрініс табады. Ана бейнесі нәзік әрі күрделі символ ретінде көрінеді. Қожаның анасының басқа адамға тұрмысқа шығыу арқылы режиссер туған жердің, кеңестіктің метафорасын жасайды: «өз кеңістігінде бөтен сезіну, туған жерінде толық иелік ете алмау» сезімі көрерменге көркем тілмен жеткізіледі.


Қоршаған ортасы үшін Қожа – «сотқар» бала. Алайда оның әрекеті қарапайым тентектік емес, әділетсіздікке қарсы ішкі қарсылықтың көрінісі. Ол дайын ережелерге бағынғысы келмейді, өз табиғи шындығын қорғауға ұмтылады. Бұл – қазақы дүниетанымға тән тік мінездің, адалдық пен еркіндіктің айғағы. Мектеп кеңестігі тәртіп пен бақылаудың символы ретінде көрініс тапса, Қожа осы жүйеге сыймай, үнемі «бөгде» күйде қалады. Сыншптастары тарапынан «сотқа тартылуы» жеке тұлғаны қоғам нормаларына икемдеудің көркем метафорасына айналады.

Алайда осы қатал тәртіп әлемінің ішінде Қожаны түсінетін, оның ішкі болмысын бағалай білетін тұлға бар – ол ұстазы Оспан Рахманұлы. Қожа үшін ол жай мұғалім ғана емес, рухани тірек, бағыт беруші тұлға. «Оқушы деген қаш емес, ішіне не болса соны сала беретін, ол – шамшырақ, тек жаға білу керек» деген ұстанымы арқылы Оспан баланы сыртқы тәртіпке күштеп бейімдеуді емес, оның ішкі әлеуетін оятуды көздейді. Ол Қожаның «сотқарлығын» жазалауға емес, бойындағы адами қасиеттерді – адалдығын, әділеттілігін, жанының тазалығын, арманшылдығын – танып, дамытуға мән береді. Осы арқылы Оспан бейнесі авторитарлық тәрбиеге қарсы қойылған гуманистік көзқарастың көрінісі ретінде ашылады.

Қожаның әр әрекетіне сабырмен қарап, байсалдылықпен бағыт беруі, қажет кезде қорғап, керек кезде тәрбиелеуі – оның тек ұстаз ғана емес, әкелік мейірімді де бойына сіңірген тұлға екенін аңғартады. Осылайша ол Қожаның өміріндегі жетіспеуші рухани тіректі толықтырып, баланың ішкі әлемін сақтап қалуға ықпал етеді.

Оспан Рахманұлының тапсырмасы бойынша Қожа «Менің арманым» тақырыбында шығарма жазып, өз қиялын еркін өрбітеді: «Менің армандарыма ешкім сенсе қоймайды, сенсе тек Рахманов ағай ғана сенер...». Бұл сөздер ұстаз бейнесін тек тәрбиелеуші емес, сенім сыйлайтын тұлға ретінде тереңдеті түседі. Қожаның қиялында апақ қар еріп, күн шуағы төгіліп, айнала жылылыққа бөленеді. Бұл – жай ғана балалық арман емес, түсіністікке, мейірімге, еркіндікке ұмтылған тұтас бір дәуірдің үмітін бейнелейтін символдық көрініс.

Осылайша, Қожа мен Оспан бейнелері фильмде қарама-қарсы емес, бірін-бірі толықтыратын тұтас рухани жүйенің екі қыры ретінде көрінеді. Қожа – еркіндікке ұмтылған табиғи болмыс пен ішкі қарсылықтың символы болса, Оспан – сол болмысты түсініп, оны жоймай, керісінше бағыттай



Осы екі кеңістік бір-біріне мүлде кереғар: ауыл – тәртіп пен шектеудің, ал жайлау – еркіндік пен табиғилықтың символы. Мұны ұсақ детальдар да айқындей түседі: жайлаудағы балалар галтуксыз еркін жүрсе, Қожаның басына көшпенді батырлардай қызыл мата тағуы – оның ұлттық болмысқа қиындай бастағанының белгісі. Режиссер осы контраст арқылы кеңестік және дәстүрлі мәдени кеңістіктер арасындағы шекараны ғана көрсетпей, кейіпкердің ішкі трансформациясын да терең символикалық деңгейде ашады.

Жайлау фильміде еркіндіктің, табиғилықтың және ұлттық рухтың көркем бейнесі ретінде беріледі. Мұнда уақыттың өзі баяулап, адамдар арасындағы қарым-қатынас жасандылықтан арылып, табиғи үйлесімге ие болады. Аттың дүбір, желдің сыбыры, домбыраның қоңыр үні бірігіп, ұлттық эстетиканың тұтас картинасын жасайды. Нұрғиса Тілендиевтің музыкасы кейіпкердің ішкі әлемін тереңдетіп түсіп, көрерменді қазақ даласының рухани кеңістігіне жетелейді.

Қожаның тұлғалық қалыптасуы дәл осы екі әлемнің – тәртіп пен еркіндіктің, шектеу мен табиғилықтың – тоғысқан тұсында өтеді. Бір кеңестіктен екіншісіне ауыса жүріп, ол өзін іздейді, қателеседі, бірақ дәл осы ізденіс оның есейуінің, өзін тануының негізгі шартына айналады. Осы тұрғыдан алғанда фильм атауы да терең символдық мәнге ие: «Менің атым Қожа» – жай ғана есімді айту емес, бұл «Мен бармын», «Мен өзімнің», тіпті «Мен қазақпын» деген рухани декларация ретінде қабылданады.

Қожа – жүйеге толық бағынбайтын, ішкі еркіндігін сақтап қалуға тырысқан кейіпкер. Оның «тәртіпсіздігі» – жай ғана бұзақылық емес, ол – бейсаналық деңгейдегі қарсылық, табиғи болмыстың қысымға көнбейтін ішкі серпілісі. Ол өзіне таңалған нормаларға толықтай сіңісіп кете алмайды, себебі оның болмысы еркіндікке жақын, ал еркін рух ешқашан толық шеңберге сыймайды. Оның бейнесі бір қарағанда жеңіл күлкі шақырып, балаға тән тентектік ретінде қабылданғанымен, терең үңілгенде ол әлдеқайда күрделі мағынаға ие болады. Бұл – термірдей тәртіпке құрылған жүйеге өзін мәжбүрлеп икемдеуге тырысқан қазақ халқының ішкі қайшылыққа толы, кей тұста аяншыты тағдырының көркем бейнесі іспеті.

Осы тұрғыдан алғанда, «Менің атым Қожа» – тек балалар туралы фильм емес. Бұл – ұлттық өзін-өзі тану, мәдени жад, еркіндікке ұмтылыс және тарихи сана туралы терең көркем толғаныс. Қожа бейнесі жеке кейіпкердің аясынан асып, тұтас бір ұлттың символына айналады. Оның әрбір қателігі – адасу ғана емес, ізденіс; әрбір қарсылығы – бұзақылық емес, ішкі еркіндіктің белгісі; ал әрбір ұмтылысы – ұлттық сананың ояну жолындағы маңызды кезеңдердің көркем көрінісі.

Сондай-ақ Қарсақбаев режиссурасының көркемдік бағыты оның тарихи-революциялық тақырыптарға арналған туындыларында ерекше айқын сезіледі. Абдолла Қарсақбаевтың «Қилы кезен» фильміне ұлттық болмыс тұрғысынан үңілгенде, бұл туынды жай ғана тарихи оқиғаларды баяндайтын кино емес, ұлт жадында көмескі тартқан шындықты қайта тірліктетін терең көркем толғаныс ретінде ашылады. Режиссер кеңестік идеология үстемдік еткен заманда өмір сүргеніне қарамастан, фильмнің ішкі құрылымында тарихқа қайта үңілу, жоғалған үнді қайта табу, әділеттілікті жүрепкеп сезіну сынды күрделі рухани қозғалыс айқын көрініс табады.

Қарсақбаев бұл фильмінде сол кезеңнің идеологиясына ашық қарсылық танытпайды, бірақ оның әр кадры, әр ишарасы – үнсіз қарсылықтың көрінісі. Ол үстем жүйенің қатал логикасын бұзбайтындығын көрінгенімен, сол жүйенің ішінен жарық іздегендей, көрерменді терең ойға жетелейді. Ең ауыр шындықтардың бірі – халықтың өз ішінен бөлініп, бір-біріне қарсы қойылуы. Фильмде бұл трагедия айқаймен емес, ішкі күйзеліс арқылы беріледі: бір тамырдан тараған жандар бір-біріне қарсы тұрады, бірақ олардың арасында өшпенділіктен гөрі түсініксіз мұң басым.

қалдырмай, өзімен бірге алып кетіп, өмірін сақтап қалуы – тек екі адамның арасындағы әрекет емес, бұл – дала өркенітінің терең этикасы мен еркін рухтың асқақтығын айқындейтін көрініс.

Жүністің «Менің атым Қожа» фильміне бозторғай сияқты...» деген сөзі – тұтас бір халықтың жүрегінен шыққан үн. Бұл сөзде қорғаныссыздық та, еркіндікке деген аңсар да, жоғалған кеңестікті аңсау да тоғысқан. Бұл – үнсіз қалған тарихтың тіл қатқан сәті.

Ал Токтар – осы дәуірдің ішкі қайшылығын арқалаған күрделі кейіпкер. Ол бастапқыда жүйеге сенген, сол идеологияны қорғаған тұлға. Алайда дәл сол жүйе оны өз халқына қарсы қойып, ақыр соңында өзін де құрбан етеді. Қызылдардың жаласымен тұтқындалған сәтінде оператор Токтарды кадрдың бір шетіне ығыстырып, қараңғылыққа көмілген кеңестіктің ішінде кішкентай ғана бейне ретінде көрсетеді. Бұл – жүйеге енді қажетсіз, тағдыр жолының жиегінде қалған «кішкентай адамның» трагедиялық образы. Жүйе тек пайдаланады, бірақ ешқашан аямайды.

Өз қателігін түсінген Токтардың Жүніспен бірге қашуы – сыртқы әрекеттен гөрі ішкі бетбұрыстың көрінісі. Өмір бойы сенген нанымның күйрегенін сезінген сәтте Жүністің оған бас киім сыйлап, қолына қанжар ұсынуы – ерекше символдық мәнге ие. Бұл – адасқан адамның өз тамырына қайта оралуының, өз болмысын қайта тануының көркем ишарасы.

Фильмнің соңғы эпизодтары осы идеяларды түйіндейтін ең әсерлі көрініске айналады. Орнынан тұрған Токтар қыратқа қарай бет алады. Әр қадамы ауыр: ұсақ тастарға сүрінеді, құлайды, қайта тұрады, тағы жығылады, бірақ бәрібір алға жылжуын тоқтатпайды. Бұл – жай қозғалыс емес, бұл – рухани күрес, өзін қайта табу жолындағы ауыр сапар.

Ол көтеріліп бара жатқан тасты қырат екі түрлі мағынаға ие. Бір жағынан, ол – тастай қатты, қатігез жүйенің бейнесі: адамды ғана емес, тұтас бір ұлтты жұтып қоюға қауқарлы, мейірімсіз құрылым. Ал екінші жағынан, дәл осы қыратпен жоғары көтерілу қаншалықты ауыр болғанына қарамастан, қайта-қайта құлап, қайта тұрып алға ұмтылған Токтардың бейнесі – мың өліп, мың тірілген, қандай қилы кезенді бастан өткерсе де ілгері жылжуын тоқтатпаған ұлттың символына айналады.

Қарсақбаев осының бәрін өте нәзік, көркем тіл арқылы жеткізеді. Оның киносы көрерменге дайын жауап ұсынбайды, керісінше, ой тастайды, ішкі үнді оятады.

Сондықтан «Қилы кезен» – өткенді баяндайтын фильм ғана емес, ол – ұлттың бөлінген санасын, жоғалған тұтастығын және қайта табылған рухын бейнелейтін терең философиялық шығарма.

Абдолла Қарсақбаев – кеңестік идеологияның қатан бақылауы жағдайында шығармашылық еркіндіктің шекарасын кеңейте білген, ұлттық тарихты ашық айту мүмкін болмаған тұста оны астарлы көркем тіл арқылы жеткізген сирек суреткерлердің бірі. Оның режиссурасы тікелей қарсылықтан гөрі терең символикаға, ишара мен бейнелік жүйеге негізделген ішкі оппозицияға құрылған. Қарсақбаев үшін кино – тек оқиға баяндау құралы емес, ол – ұлттың ұмыт қалған жадын жаңғыртатын, тарихи шындықты көркем кодтар арқылы сақтап қалатын рухани кеңістік. Осы тұрғыдан алғанда, оның шығармашылығы кеңестік жүйеге ашық қарсы шықпаса да, көркем өнердің нәзік тілі арқылы оған іштей қарсылық білдірген авторлық позиция ретінде бағаланады. Бұл ерекшелік әсіресе «Даладағы қуғын» фильмінде айқын көрініс табады.

«Даладағы қуғын» – ұлт қасіретін экран арқылы терең әрі әсерлі бейнелеген, тарихи кезеңнің драмасын адам тағдырымен астаыра көрсеткен көркем туынды. Бұл фильмде Абдолла Қарсақбаев кеңестік дәуірдің аласапыран шындығын жай ғана оқиға ретінде емес, ұлттық сананың күйзелісі мен еркіндікке ұмтылған рухтың трагедиясы ретінде бейнелейді.

әскер өкілі Хамит тарапынан атып түсірілуі – жай ғана әрекеттік эпизод емес, көркем мәтіннің өзегіне айналған қуатты символикалық ишара. Бұл кадр еркіндік пен билік, табиғи болмыс пен зорлықшыл жүйе арасындағы қайшылықты бейнелік деңгейде шоғырландырып, бүкіл фильмнің идеялық векторын айқындайды. Қыран – еркіндіктің, асқақ рухтың, шексіз кеңестіктің белгісі болса, оның құлатылуы – сол еркіндіктің зорлықпен тұншықтырылуының көрінісі.

Финалдық эпизодта Хамиттің Құлдірені атып, оның денесінің қыраттан төмен қарай домалап түсуі алғашқы кадрдағы қыранның құлауымен астасып, терең семантикалық параллель түзеді. Осы визуалды рифма арқылы режиссер кейіпкер тағдырын символдық деңгейге көтеріп, Құлдіре бейнесін еркіндікті аңсаған қыранның көркем баламасына айналдырады. Нәтижесінде экранда тек бір адамның қасіреті ғана емес, азаттыққа ұмтылған рухтың құлауы мен сонымен қатар оның мәңгілік асқақтығы қатар өріліп, көрермен санасында ұзақ сақталатын поэтикалық образ қалыптасады.

Сонымен қатар, режиссердің операторлық шешімдерінде де ерекше идеологиялық әрі эстетикалық мән барын аңғаруға болады. Құлдіре бейнесі көбіне төменнен жоғары алынған ракурста (low-angle shot) түсіріледі, бұл оның тұлғалық үстемдігін, рухани биіктігін көрерменге айқын визуалды акцент ретінде жеткізеді. Керісінше, Хамит бейнесі жоғарыдан төмен алынған ракурста (high-angle shot) беріліп, композициялық тұрғыда кішірейтіліп, билік өкілі ретіндегі оның моральдық әлсіздігі мен қорқынышын көрнекі түрде көрсетеді. Осы ракурстық қарама-қайшылық пен кадрлық құрылым арқылы фильмнің көркем тілінде идеологиялық астар күшейіп, кейіпкерлер арасындағы құндылықтық иерархия айқындалады.

Құлдіренің кеңестік билік өкіліне қаймықпай: «Мен еркін даланың батырымын» деп айтуы – тарихи шындықтың көркем көрінісі. Ал қызыл әскер өкілі Хамиттің дала батыры Құлдіренің қайсарлығынан именіп, әлсіздік танытуы режиссердің отаршыл сипаттағы саясатқа деген ішкі қарсылығын астарлы түрде жеткізеді.

Осылайша Абдолла Қарсақбаевтың фильмдерінде кеңес дәуірінде «банды» деп таңбаланған жағымсыз кейіпкерлерге бүгінгі көзқараспен үңілгенде, мүлде өзге шындық ашылады: олар – тағдыр тәлкегіне түскен қарапайым адамдар ғана емес, рухы биік, еркіндікке ұмтылған жандар. Режиссердің авторлық көзқарасы оларды айыпталушы образдан аршып алып, ішкі ар-намысын сақтаған, азаттықты аңсаған тұлғалар деңгейіне көтереді. Режиссердің эрхандық әлемі ресми тарихтың тасасында қалған шындықты тірілтіп, ұлттың ұмыт қалған үніне қайта жан бітіретін көркем кеңестікке айналады.

Абдолла Қарсақбаевтың шығармашылық мұрасы – қазақ кино өнеріндегі ұлттық сана мен тарихи тәжірибені экран тілі арқылы жаңғыртудың бірегей үлгісі. Кеңестік идеологияның қатан бақылауы жағдайында өмір сүргеніне қарамастан, режиссер өзінің көркемдік дүниетанымын сақтап қалып, оны бейнелік жүйе мен символдық тәсілдер арқылы көрерменге жеткізе білді. Осы тұрғыдан алғанда, оның фильмдері тек эстетикалық құбылыс емес, халықтың рухани жадын сақтайтын және оны келесі ұрпаққа жеткізетін мәдени феномен ретінде бағаланады.

Қарсақбаев туындылары уақыттың қатал сүзгісінен өтіп, өзінің көркемдік құндылығын жоғалтпаған, керісінше, жаңа тарихи-мәдени контекстерде қайта оқылатын шығармалар қатарынан орын алады. Оның фильмдерінде үстем идеологиялық нарративке балама көзқарас ұсынылып, ресми дискурс тасасында қалған тарихи шындықтар көркем түрде қайта пайымдалады. Осы арқылы режиссер ұлттық дүниетанымның үзілмегендігін, мәдени сабақтастықтың беріктігін және тарихи жақтың өмірлендігін дәлелдейді.

«Менің атым Қожа», «Балалық шаққа саяхат», «Алпамыс мектепке барады», «Жүйрік болсаң озып көр», «Балалықтың кермек дәмі» секілді туындыларда күнделікті өмірдің қарапайым көріністері арқылы халық болмысының ішкі құрылымы ашыла, «Қилы кезен», «Біздің Ғани», «Даладағы қуғын» сияқты тарихи фильмдерінде күрделі қоғамдық үдерістер мен тағдырлар тоғысы арқылы ұлттық тарихтың терең қабаттары көркемдік деңгейде зерделенеді. Бұл фильмдердің барлығын біріктіретін ортақ өзек – адам мен тарих, тұлға мен заман, еркіндік пен жүйе арасындағы күрделі қатынастарды бейнелеу.

Қарсақбаевтың кино тілі табиғи дыбыстар, тұрмыстық детальдар және символдық ишаралар арқылы өрлетіп поэтикалық құрылыммен ерекшеленеді. Мұнда әрбір кадр тек визуалды бейне емес, ол – тарихи тәжірибенің ізі, мәдени жақтың көрінісі. Режиссердің осы көркемдік стратегиясы оның шығармаларын қарапайым баяндаудан гөрі терең семантикалық кеңестікке айналдырады.

Қорыта айтқанда Абдолла Қарсақбаевтың киносы – ұлттық рухтың, тарихи сананың және мәдени сабақтастықтың экрандағы көркем шежіресі.

Дана ӘМІРБЕКОВА,
кинетанушы.



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – ОРТАҚ МІНДЕТ

Сыбайлас жемқорлық – қоғам дамуына кедергі келтіретін, мемлекеттің ілгерілеуіне тұсау болатын қауіпті құбылыс. Онымен күрес – тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті.

Бүгінде елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, заң үстемдігі мен әділдік қағидаттары – Жаңа Қазақстанның басты тірегі болуы тиіс.

Жамбыл ауданында да бұл бағыттағы жұмыстар тұрақты бақылауда. Мемлекеттік қызметшілер арасында әдеп нормаларын сақтау, ашықтық пен есептілікті арттыру, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жақсарту – негізгі басымдықтардың бірі.

Қазіргі таңда мемлекеттік қызметтердің басым бөлігі цифрлық форматқа көшіріліп, тұрғындарға қолжетімді әрі ашық түрде ұсынылуда. Бұл өз кезегінде адам факторын азайтып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, аудан көлемінде түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыруға ерекше көңіл бөлінуде. Әрбір азамат өз құқығын біліп, заң талаптарын сақтаған жағдайда ғана қоғамда әділдік пен тәртіп орнығады.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – жазалаудан да маңызды. Сондықтан біз ең



алдымен оның туындауына жол бермеуіміз керек. Бұл ретте мемлекеттік қызметшілердің адалдығы мен жауапкершілігі, қоғам тарапынан бақылау – шешуші рөл атқарады.

Құрметті жерлестер!

Адал еңбек, әділдік пен ашықтық – дамыған қоғамның басты құндылықтары. Әрбір азамат заң талаптарын сақтап, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік танытуы қажет. Біз сонда ғана әділетті, таза әрі дамыған қоғам құра аламыз.

Нұрлан ЕРТАС,
Жамбыл ауданының әкімі.

Үкіметтік емес ұйым басшыларының назарына!

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі 2026 жылғы қаңтардың 1-нен бастап ҰЕҰ қызметі туралы мәліметтерді ҰЕҰ дерекқорына ұсынудың жаңа мерзімі басталғанын хабарлайды. Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңының 41-бабының 5-тармағына сәйкес, бұл мәліметтер жыл сайын 31 наурызға дейін ұсынылуы тиіс.

ҰЕҰ дерекқорына мәліметтерді қабылдау «info.gov.kz» мекенжайынан автоматты түрде қайта бағыттау арқылы жаңа «esep.gov.kz» цифрлық платформасында жүзеге асырылады. «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйымдар жыл сайын 31 наурызға дейін өз қызметі туралы мәліметтерді ҰЕҰ дерекқорына ұсынады.

Сонымен қатар, жаңа порталдың жұмыс істеу барысында туындаған техникалық ақауларға байланысты ҰЕҰ дерекқорына есептерді қабылдау уақытша тоқтатылды.

Осыған байланысты, техникалық ақау актісінің және ақпараттық жүйенің дұрыс жұмыс істеуінің негізінде ҰЕҰ дерекқорына мәліметтерді қабылдау мерзімі 2026 жылғы 30 сәуірге дейін ұзартылды.

ҰЕҰ дерекқорына мәліметтерді ұсыну мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс және мемлекеттік гранттар шеңберінде әлеуметтік бағдарламалар мен (немесе) жобаларды іске асыру конкурстарына қатысудың, сондай-ақ ҰЕҰ-ға арналған сыйақыларды алудың міндетті шарты болып табылады.

Мәліметтер ҰЕҰ қызметі туралы мәліметтерді ұсыну және олар туралы дерекқорды қалыптастыру қағидаларына сәйкес ұсынылады.

Мәліметтерді ҰЕҰ дерекқорының интернет-порталы арқылы ұсынуға болады: <https://esep.gov.kz/npo> (интернет-порталда авторизация заңды тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы жүзеге асырылады).

Интернет-порталға кірген кезде порталмен жұмыс істеудің қадамдық алгоритмі көрсетілген нұсқаулық қолжетімді.

Назар аударыңыз! ҰЕҰ дерекқорына мәлімет уақтылы ұсынабағаны немесе дұрыс емес, не көрінеу жалған мәліметтер ұсынғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көзделген.

А.МЕДЕУОВА,
Жамбыл аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы.

Әдептілік – тәрбие бастауы

Әдеп – қоғамдағы адамдардың мінез-құлқына қойылатын этикалық талаптар. Адамның сөйлеу мәнері, іс-қимылы, жүріс-тұрысы, өзін ұстай білуі оның мәдениетті, әдепті екендігін байқатады.

Әдептілік – туа бітті қасиет емес. Ата-анасынан балаға қанмен берілуі мүмкін. Бірақ, көбінесе әдептілік өсе келе бойға даритын қасиет. «Әдепті бала – арлы бала» – деген дана халқымыз әдептің бастауы ар-ұят деп білген. Ал тұрпайы мінез, жат қылық – надандықтың белгісі.

Жұмыстағы мінез-құлық этикасы бұл әріптестер, бәсекелестер арасындағы шынайы және тура қарым-қатынас. Жұмысқа отбасындағы келеңсіздіктер кедергі болмауы тиіс. Қызметтік ортада айтылған ақпараттар мен қызметтік құпия сол айтылған төртбұрыштан тысқа шықпауы қажет. Жұмыс орнында қызметтестермен және бағынысты қызметкерлермен руластыққа, жершілдік пен жікшілдікке бой алдырмастан, олардың жұмыс тәжірибесі мен атқарған қызметіне қарай бағалау орынды. Бағынысты қызметкердің кемшілігін көпшіліктің көзіне емес, жеке өзіне айтып, кемшілігін түзеуіне мүмкіндік жасаған жөн.

Мемлекеттік қызметшілердің сырт келбеті олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға ықпал етуге, іскерлікпен, ұстамдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік талаптарына сай болуға тиіс.

Қызметтен тыс уақытта мемлекеттік қызметшілер жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстанып, қоғамға жат мінез-құлқы, оның ішінде қоғамдық орындарда адамның кадр-қасиетін және қоғамдағы адамгершілікке нұқсан келтіретін масан күйде болу жағдайларына жол бермеуге тиіс. Сонымен қатар басшылар қарамағындағы қызметшілермен қарым-қатынас кезінде меритократия қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етуге, кадр мәселелерін шешу кезінде туыстық, жерлестік және жеке басына берілгендік белгілері бойынша артықшылық көрсетпеуге тиіс.

Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексіне сәйкес қызмет атқаруы – қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады.

Бөлім бойынша халыққа, соның ішінде аз қамтамасыз етілген отбасыларға, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға, басқа да әлжуаз топтағы тұлғаларға 17 мемлекеттік қызмет көрсетілуде. Өткен 2025 жылда 7275 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Әр келген өтінішке бөлім қызметкерлері жауапкершілікпен қарап, азаматтарға тиесілі жауаптар мен ақыл-кеңестер беруде.

Біздің бөлімде мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлық стандарттарының сақталуына жүйелік бақылау жүргізіледі, сонымен қатар сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және қызметтік әдеп

нормаларын бұзушылықтардың, оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтардың профилактикасына бағытталған іс-шаралар әзірленген.

Сонымен қатар бөлімде мемлекеттік қызметшілердің сырт келбеті, олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға ықпал етуге, іскерлік, ұстамдылық және ұқыптылықпен ерекшеленетін әдеп талаптарына сай болуы үнемі бақылауда.

Азаматтармен өзара қарым-қатынас тиімді мемлекеттік аппараттың негізгі өлшемдерінің бірі болып табылады. Бөлім қызметкерлері әрқазырақ көрсетудің жоғары стандарттарына сәйкес болуға, адалдық, ашықтық және әділдік қағидаттарын басшылыққа ала отырып, қызметтерді кәсіби көрсетуге талпынамыз. Азаматтармен қарым-қатынас жасау кезінде мемлекеттік қызметкер мынадай ұстанымдарды ұстануға тиіс: өз ойын дұрыс және дәлелді түрде баяндау; сөйлеу отырған адамның сөзін бұзбай, азаматтың сұрақтарын мұқият тыңдау, әңгімелесушіге ізгі ниеттілік пен құрмет білдіру; толық ақыл-кеңес беру және болуы мүмкін тәуекелдер туралы азаматтарды хабарландыру; жасы үлкен адамдарға, ардагерлерге, мүгедектерге ізгі ниетпен қарау, оларға қажетті көмекті көрсету.

Шағым түскен жағдайда туындаған мәселені жылдам шешу үшін бірден шаралар қабылдаймыз және болашақта ұқсас жағдаяттардың алдын аламыз. Мұндай қарым-қатынас бізге мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлық мәдениеті мен кәсібилігі туралы оң пікірді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Біздің бөлімде қызметкерлер ID-картамен қолдана отырып, жұмыс уақытын сақтайды. Мемлекеттік қызметкерлерге қойылған шектеулер туралы барлық қызметкерлер ескертілді.

Мемлекеттік қызметшінің әртүрлі кәсіби сұрақтарды шешудегі адалдығы мен әділдігі, қайырымдылығы мен байсалдылығы, әріптестермен өзара қарым-қатынаста да, жұмыс барысы немесе жеке мәселемен келген шырты адамдармен қатынаста да маңызды рөл атқарады.

Адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, қорғаны – сабыр, жолдасы – кәсіп, қорғайтын қорғаушысы – мінез, бәрін тәртіпке реттейтін – әдептілік. Біздің халқымыз әркезде де, нақыл сөзді «қазынам», өнегені «өрісім» деп таныған. Өйткені мағынасы, мәні бәрі өмірден алынған.

Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады. Сенімге селкеу түсірмеу – әрбір мемлекеттік қызметшінің қызметтік және азаматтық міндеті.

Г.ТЛЕУБЕРДИЕВА,
Жамбыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының орынбасары.

◆ Денсаулық

Адам папилломасы вирусы (АПВ) неге қауіпті?

Адам папиллома вирусы (АПВ) – бүкіл өлемде өте кең таралған, дененің әртүрлі бөліктерінің терісі мен шырышты қабаттарын зақымдайтын вирустар тобы. Кейбір жағдайларда инфекция папилломалардың пайда болуына әкеледі. Қазіргі уақытта вирустың 200-ге жуық типі белгілі, олардың кем дегенде 14-і қатерлі ісік дамуына себеп болады.

Қазақстанда 25-45 жас аралығындағы әйелдер арасында қатерлі ісіктердің ішінде жатыр мойны обыры 5 орында тұр. Көбінесе инфекция симптомсыз өтеді, сондықтан адамда АПВ бар-жоғын тек арнайы зертханалық талдау арқылы ғана анықтауға болады. АПВ инфекцияларының көпшілігінде ешқандай сыртқы белгілер байқалмайды.

Вирус тез таралу қабілетімен қауіпті. Қазақстанда жыл сайын жатыр мойны обырына шалдыққан әйелдердің шамамен 1900 жағдайы тіркеледі, олардың 600-ден астамы осы аурудан көз жұмады. Бұл – күн сайын шамамен 2 әйел жатыр мойны обырынан қайтыс болады деген сөз. АПВ инфекциясы өлемдегі барлық онкологиялық аурулардың шамамен 5%-ын тудырады.

АПВ – жатыр мойны обырының негізгі себебі болып саналады.

АПВ-ның негізгі таралу жолдары:

1. Негізгі жолы – жыныстық қатынас.
2. Жыныстық қатынас басталғаннан кейін қысқа уақыт ішінде жұғуы мүмкін.
Сонымен қатар вирус ылғалды ортада тез таралады, сондықтан қоғамдық орындарда (сауна, спорт залдары, бассейндер) сақ болу қажет. Қырыну немесе депиляция кезінде де жұғу қаупі бар.



Инфекцияның ерекшеліктері:

- Вирус жұқтырған адамдардың көпшілігінде АПВ ешқандай алаңдаушылық тудырмайды.
- Кейбір типтері аногениталдық сүйелдердің пайда болуына әкелуі мүмкін.
- Вирус тасымалдаушыларының 90 пайызында ағза инфекциямен өздігінен күреседі.
- Көп жағдайда инфекция симптомсыз өтеді.
- АПВ-ны анықтау үшін арнайы зертханалық талдау қажет.

АПВ нәліктен қауіпті?

- Вирус тез таралады.
- Кейбір типтері жасушалардың қатерлі ісікке айналуына себеп болуы мүмкін.

АПВ-ға қарсы вакцинаның тиімділігі мен қауіпсіздігі дәлелденген. Бұл вакцина 15 жылдан бері қолданылып келеді және өзінің тиімділігін көрсетті.

Вакцинация – АПВ инфекциясынан және оның салдарынан туындайтын онкологиялық аурулардан қорғаудың ең тиімді жолы. Адам папиллома

вирусына қарсы алғашқы вакцина 2006 жылы тіркелген. Бүгінде вакцинация 135 елдің ұлттық иммунода бағдарламасына енгізілген.

Орталық Азия елдерінің ішінде Өзбекстан, Қырғызстан Республикасы және Түрікменстан да бұл вакцинаны енгізген.

Қазақстанда 2024 жылы екпе күнтізбесіне АПВ-ға қарсы вакцина енгізіліп, қыркүйек айынан бастап екпе жұмыстары басталды.

АПВ-ға қарсы вакциналар әйелдерді жатыр мойны обыры мен басқа да онкологиялық аурулардан қорғаудың ең тиімді тәсілі болып табылады (тиімділігі шамамен 95%).

Қазақстанда АПВ-ға қарсы вакцинациялау үшін АҚШ-тағы «Мерк Шарп және Доум» компаниясы өндірген 4 валентті «Гардасил» вакцинасы қолданылады. Бұл вакцина АПВ-ның ең қауіпті (6, 11, 16, 18) типтерінен қорғайды.

Вакцинация мектептерде немесе тіркелген мекенжай бойынша емханалардың екпе кабинеттерінде тегін жүргізіледі. Екпе дәрігердің тексеруінен кейін, ата-ананың хабардар етілген келісімі негізінде салынады.

АПВ-дан қорғанудың ең тиімді жолы – вакцинация. Вакцина көбінесе жасөспірім қыздар мен ұлдарға ұсынылады, себебі ерте жаста салынған екпе тиімді қорғаныс қалыптастырады.

Сонымен қатар жеке гигиенаны сақтау, қауіпсіз мінез-құлықты ұстану және дәрігерге тұрақты түрде қаралу да маңызды. Бұл шаралар аурудың алдын алуға және оны ерте анықтауға мүмкіндік береді.

Мейраш САТОВА,

Жамбыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

Маман кеңесі

Бруцеллез – қауіпті жұқпалы ауру

Бруцеллез – жаңадан пайда болған ауру емес, ерте заманнан белгілі дерт. Әр кезеңде ғалымдар оны әртүрлі атап, өзіндік белгілерін сипаттаған. Қазак халқы бұл ауруды «сарып», «селсоқ ауруы» деп атаса, түрікмендер «ешкінің безгегі» деген екен. Ауру қоздырғышын алғаш анықтаған ғалым Давид Брюстц құрметіне микроб Brucella деп аталып, ауру «бруцеллез» деген атауға ие болды.

Бруцеллезбен көбінесе қой, ешкі, сиыр, шошқа сияқты ауыл шаруашылығы жануарлары ауырады және ол адамға жұғады. Сонымен қатар түйе, жылқы, ит және кейбір жабайы жануарлар да бұл дертке шалдығуы мүмкін.

Бруцеллез ауруының негізгі белгілері:

- Буындардың ісінуі, ақау;
- Желінің немесе жыныс мүшелерінің қабынуы;
- Буаз малдың іш тастауы (ең басты белгі).

Әсіресе қой мен ешкіден адамға жұғу қаупі жоғары. Ауру малдың іш тастаған кездегі бөлінділері, зәрі, нәжісі, сүті арқылы инфекция тарайды. Сондай-ақ ластанған су, топырақ, жүн, тері және шикі сүт өнімдері арқылы жұғуы мүмкін.

Адамға бруцеллез:

- Терідегі жарақаттар арқылы;
- Шикі сүт пен одан жасалған өнімдерді тұтығанда;

- Малды күту, сою, жүнін өңдеу кезінде;
- Ластанған шаң-тозаң арқылы жұғады.

Сондықтан сақтық шараларын сақтау өте маңызды:

- Шикі сүтті қайнатып ішу;
- Малмен жұмыс істегенде қолғап кию;
- Қора-жайды жүйелі түрде дезинфекциялау;
- Малды ветеринариялық тексеруден өткізу;
- Іш тастаған мал орындарын міндетті түрде залалсыздандыру.

Ветеринариялық талаптарға сәйкес, мал басы тұрақты түрде тексеріліп, ауру анықталған жағдайда арнайы белгі салынып, санитариялық союға жіберіледі. Аурудың таралуының негізгі себептерінің бірі – мал иелерінің ветеринариялық талаптарды сақтамауы (малды құжатсыз әкелу, карантинге қоймау, тексеруден өткізбеу). Бруцеллез қоздырғыштары сыртқы ортада ұзақ сақталады, бірақ жоғары температура мен қайнатқанда тез жойылады.

Қорыта айтқанда, бруцеллездің алдын алу – ветеринар мамандар мен мал иелерінің ортақ міндеті. Уақтылы тексеру мен сақтық шараларын сақтау арқылы бұл аурудың таралуына жол бермеген жөн.

Д.ТОЛЫМБЕК,

Жамбыл аудандық ветеринариялық бөлімінің вет-дәрігері.

Әскери колледждерге кандидаттарды іріктеу басталды

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери колледждері:

- Щучинск қ. әскери колледжі
- Астана қ. әскери колледжі
- Шымкент қ. әскери колледжі
- Қарағанды қ. әскери колледжі
- Алматы қ. әскери-спорт колледжі

Әскери колледж туралы:

Әскери колледж – техникалық және кәсіптік білім бағдарламаларын жүзеге асыратын, шет тілдерін тереңдете оқытатын, дене даярлығы күшейтілген әскери оқу орны.

Максаты мен міндеттері:

- Негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің сержанттар құрамы лауазымдарында келісімшарт бойынша қызмет етуге арналған кіші командалық құрам кадрларын даярлау.

- Негізгі міндеті – кадеттердің ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практикалық жетістіктер негізінде жеке тұлға ретінде қалыптасуы мен кәсіби даярлығын қамтамасыз ету үшін қажетті жағдай жасау.

Оқу процесі:

- Мемлекет қаражаты есебінен тегін жүргізіледі.
- Оқу барысында тегін тамақ, киім-кешек, кеңсе тауарлары, оқу құралдары, медициналық қызмет және жатақхана қамтамасыз етіледі.
- 3-ші курста шәкіртақы төленеді.
- 3-ші курста әскери ант қабылданады және белгіленген мерзімге сержанттар құрамында келісімшарт бойынша қызмет ету мүмкіндігі беріледі.

Оқу мерзімі:

- Жалпы орта білім негізінде (9-сыныптан) – 2 жыл 10 ай.
- 11-сынып базасында – 1 жыл 10 ай.

Болашақта әскери қызметші болуды қалайтын үміткерлер Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы, Жандосов көшесі № 77 үй мекенжайында орналасқан Жамбыл аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөліміне келіп, толық ақпарат біле алады.

Байланыс телефондары: 87004125428 немесе 8-(72770)-2-29-72

Әскери қызметші атанып, өз елінің қорғаны бол, ЖАС ҰРПАҚ!

Алтынгүл ҚОҒАБАЙҚЫЗЫ,
Жамбыл аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің қызметкері.



Мемлекеттік қызметшінің әдеби

Мемлекеттік қызметшінің әдеби – бұл тек ережелер жиынтығы емес, ол – ішкі мәдениет пен жүректегі жауапкершіліктің көрінісі. Таңертең қызмет орнының табалдырығын аттаған сәттен бастап, мемлекеттік қызметші өзімен бірге тек құжаттар мен міндеттерді ғана емес, халықтың сенімін де ала келеді. Сол сенімді ақтау – оның басты парызы.

Әдептілік кейде қарапайым әрекеттерден басталады: жылы жүзбен қарсы алу, мұқият тыңдау, түсіністік таныту. Бірақ осы қарапайымдылықтың артында үлкен адамгершілік жатыр. Себебі әрбір келген азамат – өз мәселесімен, үмітпен келген адам. Мемлекеттік қызметші үшін ол жай ғана өтініш иесі емес, тағдырына бейжай қарауға болмайтын ұлға.

Нағыз әдеп – сөзден бұрын әрекетте көрінеді. Уәдеде тұру, әділ шешім қабылдау, артық сөзге бармау – бұның бәрі сенім қалыптастыратын қасиеттер. Егер қызметші өз міндетін адал атқарса, оның әрбір ісі мемлекетке деген құрметті арттыра түседі. Ал керісінше жағдайда, бір ғана қателік бүкіл жүйеге деген сенімді әлсіретуі мүмкін.

Мемлекеттік қызметшінің әдеби оның сыртқы келбетінде де, ішкі жан дүниесінде де үйлесім табуы керек. Ұқыптылық, жинақылық – оның кәсіби бейнесін толықтырса, қарапайымдылық пен кішіпейілділік – оның адами болмысын айқындайды. Ол әрдайым үлгі бола отырып, өзгелерге дұрыс бағыт көрсете білуі тиіс.

Қорыта айтқанда, мемлекеттік қызметшінің әдеби – бұл қызметтің ажырамас бөлігі ғана емес, қоғаммен байланыс орнататын рухани көпір. Әдепті қызметші – сенімнің символы, ал сенім бар жерде даму мен болашақ бар.

М.ЖАКИПБАЕВА,

аудандық экономика және қаржы бөлімінің бас маман.

Сыбайлас жемқорлық – қоғам дерті

Сыбайлас жемқорлық – экономиканың тұрақты дамуына, халықтың әл-ауқатының артуына және әділетті қоғам қалыптастыруға үлкен кедергі келтіреді.

Елімізде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі. Осыған орай мемлекеттік органдар тарапынан жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Заңнамалар жетілдіріліп, халық арасында құқықтық сауаттылықты арттыруға ерекше көңіл бөлінуде.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың ең тиімді жолдарының бірі – қоғамда адалдық, әділдік және ашықтық қағидаттарын қалыптастыру. Әрбір азамат өз құқығы мен міндетін біліп, заң талаптарын сақтауы тиіс. Өсіресе, жастар арасында парасаттылық мәдениетін дамыту – болашақта жемқорлықтың тамырын жоюдың маңызды қадамы.

Сарытауқұм ауылдық округі бұл бағытта бірқатар жұмыс атқаруда. Атап айтқанда, мемлекеттік

Айдын ЖАНАХМЕТОВ,

Сарытауқұм ауылдық округінің өкімі.

Жемқорлыққа жол бермеген жөн

Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор.

Бұл дерттің жаппай жойылмау жолын халықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы санасын қалыптастырудан бастауымыз керек. Ендеше, халыққа жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынуына және орындауына көмектесудің алғышарттарының бірінен саналады.

Бала кезінен тұлғаны қазақстандық патриотизм және сыбайлас жемқорлықты қабылдамау рухында тәрбиелеу маңызды болмақ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқытатын

қызметшілер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалар түсіндіріліп, тұрақты түрде семинарлар мен кездесулер ұйымдастырылуда. Сонымен қатар, тұрғындар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, парақшалар мен жадынамалар таратылуда.

Мемлекеттік қызмет көрсету барысында ашықтық пен қолжетімділікті қамтамасыз ету де басты назарда. Бұл азаматтардың мемлекеттік органдарға деген сенімін арттырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге ықпал етеді.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Әрбір азамат жемқорлыққа қарсы тұрып, заң бұзушылықтарға бей-жай қарамауы қажет. Тек бірлесе әрекет еткен жағдайда ғана біз әділетті, әрі дамыған қоғам құра аламыз.

Б.ЕШЕЕВ,

Талап ауылдық округінің өкімі.

Публичный договор об оказании услуг ИП «САФИЯ» по вывозу ТБО

Согласно публичному договору на вывоз твёрдых бытовых отходов (далее-ТБО), в лице ИП «САФИЯ», действующего на основании Договора о принятиях взаимно обязательствах № 1 от 3 марта 2021 года, заключённого с КГУ «Аппарат акима Темиржолского сельского округа» и собственниками либо нанимателями жилища ст.Казыбек бек, оказывает услуги по вывозу мусора из мест, отведённых для их накопления.

Потребитель имеет право:

- на своевременный вывоз твёрдых бытовых отходов, согласно утверждённому графику;
- получать информацию о правильности применения тарифов и цен;
- на устранение Услугодателем выявленных недостатков в предоставлении услуг в установленные Договором сроки;
- на судебную защиту в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан в случае нарушения его прав.

Потребитель обязан:

- своевременно и в установленном в настоящем Договоре сроки оплачивать вывоз ТБО;
- не допускать слива жидкости отходов, выброса строительного мусора, грунта, шлака, крупногабаритных отходов (кроме предметов домашнего обихода), металлолома, веток в неустановленных местах;
- строительный мусор, грунт, шлак, крупногабаритные отходы, металлолом, ветки складировать отдельно оплачивая за него;
- не и допускать складирования ТБО в неустановленных местах и их сжигание;
- производить полный расчёт с Услугодателем в случае совершения гражданско-правовых сделок с недвижимостью до выезда из занимаемого жилого помещения, либо предупредить о наличии такой задолженности за потребительские услуги нового владельца (нанимателя), если последний примет на себя обязанность по возврату долга в порядке, установленном дополнительно действующим законодательством Республики Казахстан;
- оплату услуги вывоза ТБО производить по факту проживания.

Услугодатель обязан:

- осуществить плановую регулярную систему очистки от ТБО по согласованному с СЭС графиком; для благоустроенного сектора – ежедневно, не ранее 7:00 и не позднее 17:00; для частного сектора – по утверждённому графику, не ранее 7:00 и не позднее 17:00;
- с целью сохранности контейнеров бережно относиться к оборудованию во время загрузки ТБО;

– предоставлять Потребителю платёжные документы для оплаты вывоза ТБО до 15-го числа текущего месяца;

– удовлетворять требования Потребителя в течении 24 часов при получении обоснованных претензий к объёму и качеству предоставляемых услуг;

– информировать Потребителя об изменении цен тарифов на вывоз ТБО за месяц до их введения путём публикации в средствах массовой информации.

Потребитель производит оплату за оказанные услуги из расчёта на каждый дом и в квартирах многоэтажных домов от количества фактически проживающих в помещении (в квартире) человек, в соответствии с размером оплаты за вывоз ТБО на одного человека в месяц. Тарифы на услуги вывоза ТБО устанавливаются и изменяются в порядке и в сроки, установленные нормативно правовыми актами Республики Казахстан, а также тарифом, установленным Услугодателем. Оплата вывоза ТБО производится ежемесячно, согласно тарифу.

Оплата услуги ТБО производится до последнего числа текущего месяца, согласно платёжным документам, выставленным Услугодателем. При несвоевременной оплате услуг Потребитель оплачивает услугодателю пеню в размере 0,1 % от объёма неоплаченных услуг за каждый день просрочки, начиная с 26-го числа следующего месяца.

Тариф на вывоз ТБО с частного дома - 551,87 тг на одного человека.

Вывоз строительного мусора, золы, навоза и птичьего помёта производится по следующим тарифам:

- 1 рейс автомашины ГАЗ-53 – 35000 тенге;
- Штраф: от 8751 тенге до 29170 тенге, или административный арест до 10 суток на основании ст.505 КоАП РК.

С мая месяца 2026 года вывоз ТБО, согласно установленному тарифу, будет производиться из следующих населённых пунктов:

ст.Казыбек бек

Реквизиты Услугодателя:

Мердігер/Подрядчик:

Жеке Кәсіпкер/ИП «САФИЯ»

040613, Республика Казахстан, Алматинская

область, Жамбылский район, ст.Казыбек бек

Тел: 771 440 13 34. Карлыам Тленчиева



Жемер төрінде көк ту желбірегі


Жамбыл атындағы Ұзынағаш кәсіптік колледжінің студенті Мансуров Ришат Азатович халықаралық аренада ел намысын абыроймен қорғап, зор жетістікке қол жеткізді.

Түркия Республикасының Кемер қаласында өткен муайтайдан XIII Antalya Open Cup халықаралық турнирінде Ришат қарсыластарына дес бермей, I орынды иеленіп, чемпион атанды.

Муайтай – Тайландтан бастау алатын жекпе-жек өнері, онда спортшылар қол, аяқ, тізе және шынтақ арқылы соққы жасап, жоғары техника мен төзімділікті талап етеді. Бұл спорт түрі батылдықты, жылдамдықты және ерекше дайындықты қажет етеді.

Бұл – табандылық пен қажырлы еңбектің, үздіксіз дайындықтың жарқын нәтижесі. Жас спортшымыздың бұл жеңісі – тек жеке жетістік ғана емес, ауданымыздың абыройын асырып, ел спортының мәртебесін көтерген үлкен мақтаныш.

Ришат Азатовичке алдағы жарыстарда да толағай табыс тілейміз! Жеңісті күндеріңіз көп болсын!



Менің тағдырым

Тағдыр – әр адамның өмір жолы, оның бастан кешіретін оқиғалары мен таңдауларының жиынтығы. Кейде адамдар тағдырды алдын ала жазылып қойған дүние деп қабылдайды. Бірақ менің ойымша, тағдыр – адамның өз қолымен жасалатын өмір жолы.

Менің тағдырым – арман-мақсаттарыммен тығыз байланысты. Мен болашақта өз орнымды тауып, білімді, саналы, қоғамға пайдалы адам болғым келеді. Осы мақсат мені алға жетелейді, қиындықтарға қарамастан еңбектенуге күш береді. Әрбір жасаған қадамым, әрбір шешімім менің тағдырымды қалыптастырады деп сенемін.

Әрине, өмірде түрлі сынақтар кездеседі. Кейде бәрі ойдағыдай болмайды, жоспарлар әзгеруі мүмкін. Бірақ дәл осындай сәттер адамды шыңдайды. Қиындықтар арқылы мен сабырлықты, төзімділікті үйренемін. Бұл да менің тағдырымның бір бөлігі.

Қорытындылай келе, менің тағдырым – бұл менің таңдауым, еңбегім және сенімім. Егер адам өзіне сеніп, алға мақсат қойса, ол өз тағдырын жарқын ете алады. Мен де өз тағдырымды өз қолыммен жасап, жақсы болашаққа ұмтыламын.

Айым СЫРЛЫБАЙ,

Дегерес ауылындағы орта мектептің 11-сынып оқушысы.

QR-ды скенерлеп, сауалнамаға өті: "АУДАНДА ЖАСТАРҒА ТАҒЫ" #THEMONEY



Қоғамдық талқылау

Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарғалы ауылдық округі, «Шолпан – Қарғалы» кен орнында орналасқан «Алматы Бетон LTD» ЖШС құм-киршық тас қоспасын өндіруге арналған қарьерлері бар ұсақтау және іріктеу қондырғыларына арналған «Рұқсат етілген шығарындылар нормативі» бойынша қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 26 мамыр күні сағат 11:30-да, Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарғалы ауылының Гагарин көшесі № 1 үйі мекежайында өтетінін хабарлайды.

Нысанның (участок) географиялық координаттары – 43.210678, 76.403230, әсер ету аумағының географиялық координаттары – 43.195218, 76.415159

Онлайн конференцияға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/3990919748?pwd=V0xxeU5zazFqcHZORC82eHVvak-Jrdz09&omn=75539861099>

Конференция идентификаторы: 399 091 9748, кіру коды: 8888

Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Алматы Бетон LTD» ЖШС (БИН 170240006950), Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарғалы ауылдық округі, Қарғалы ауылы Маметова көшесі № 18 «Б», кв. 39 пәтер, тел. +77017366027.

«Рұқсат етілген шығарындылар нормативі» жобасын әзірлеуші: «Пориком фирмасы» ЖШС (БИН 931040000540), Алматы қ., 1-ш/а, 66 «Б» үйі, т.е. 3 «А», 5-көне. Қосымша ақпарат алуға болатын байланыс телефоны: +77017227234, e-mail: porikom2024@gmail.com.

Жоба материалдарымен <https://ndbecology.gov.kz> сайтында, сонымен бірге Алматы облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының сайтында мына сілтеме бойынша: <https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat> танысуға болады. Жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz> сайты және ЖАО prroda_alm@bk.ru эл. поштасы арқылы қабылданады.

Общественные обсуждения

Общественные слушания по проекту «Нормативы допустимых выбросов» для дробильно-сортировочных установок с карьерами по добыче песчано-гравийной смеси ТОО «Алматы Бетон LTD», расположенных в Алматинской области, Жамбылском районе, Карғалыном сельском округе, на месторождении «Шолпан–Карғалы», состоятся 26.05.2026 года в 11:30 по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, село Карғалы, ул. Гагарина, д. 1 (здание акимата).

Географические координаты объекта (участка) – 43.210678, 76.403230 территории воздействия – 43.195218, 76.415159


Ссылка на онлайн-конференцию <https://us04web.zoom.us/j/3990919748?pwd=V0xxeU5zazFqcHZORC82eHVvak-Jrdz09&omn=75539861099>

Идентификатор конференции: 399 091 9748, код доступа: 8888

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Алматы Бетон LTD» (БИН 170240006950), Алматинская область, Жамбылский район, Карғалынский сельский округ, село Карғалы, ул. Маметова, 18 «Б», кв. 39, тел. +77017366027.

Разработчик проекта «Нормативов допустимых выбросов» – ТОО «Фирма Пориком» (БИН 931040000540), г. Алматы, мкр. 1, дом 66 «Б», н.п.3 «А», офис 5. Контакты и электронный адрес, по которому можно получить дополнительную информацию: тел. +77017227234, e-mail: porikom2024@gmail.com.

С материалами проекта можно ознакомиться на сайте <https://ndbecology.gov.kz>, а также на сайте Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области по ссылке: <https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat>, замечания и предложения принимаются на сайте <https://ndbecology.gov.kz>, а также по электронной почте prroda_alm@bk.ru



Тағылымды ғұмыр, тағзымды белес

Ұзынағаш ауылының тұрғыны, Жамбыл ауданының Құрметті азаматы, көпке қадірлі қария, ұл-қыздарына асыл әке, немере-шөберелеріне ардақты ата атанған

АТАГЕЛДИЕВ Қырғызбек Қасымханұлы

14 сәуірде 91 жасқа толады. Қырғызбек Қасымханұлы – 1935 жылы сәуірдің 14-де Қырғызстанның Ыстықкөл облысына қарасты Балықшы ауданындағы Рыбачье ауылында дүниеге келген. Орта мектепті ойдағыдай аяқтаған соң 1942 жылы Фрунзе (қазіргі Бішкек) қаласындағы ауыл шаруашылығы институтына оқуға түскен. Алайда 1928-1929 жылдары ата-анасы кәмпескеге ұшырап, 1956 жылы Жамбыл ауданының Қарақыстақ ауылына қоныс аударған.

Қ.Қасымханұлы 1957 жылы өзі оқуға түскен институтта инженер-механик мамандығын меңгерген. Ол зейнеткерлікке шыққанға дейін Жамбыл ауданының бірнеше кеңсінде инженер-механик, директордың орынбасары болып абыройлы қызмет атқарды. «Отбасы – бақыт ордасы» демекші, 1959 жылы Самсы ауылының сымбатты сұлу қызы Рахат Әбдіқасымқызымен шаңырақ көтеріп, 6 қыз, 5 ұлды тәрбиелеп, ел қатарына қосты. Зайыбы екеуі ұл мен қыздан көптеген немере мен шөбере сүйді. Өкінішке қарай, аяулы апамыз Рахат бүгінде арамызда жоқ. Ал, ардақты ағамыз Қырғызбек Жамбыл ауданының ардагерлер ұйымын 2003-2018 жылдар аралығында басқарып, еліне елеулі еңбек сіңірді. Сонымен қатар, 2005-2019 жылдары сайлау алды штаб бастығы болып, өзінің білікті ұйымдастырушылық қабілетінің зор екенін дәлелдеді.

Ағамыз ұзақ жылғы жемісті еңбегіне орай көптеген медаль, Құрмет грамотасымен қоса



Алғыс хаттармен орынды марапатталған. Сондай-ақ, оның есімі «Жамбыл ауданының Жайсаңдары», «Жетісу жайсаңдары», «Қадірде, қасиетте – карттарда» атты кітаптарға енген.

Бүгінде Қырғызбек Қасымханұлы 91 жасқа толса да көкірек көзі ояу, дария кеуде, тау мүсін қалпында батагөй ақсақал болып, өсіп-өнген ұлағатты ұрпағының ортасында бақуатты өмір сүріп, қартыққа мойынсұнбай ел-жұртының амандығын тілеуде.

**Көктем келіп, құлпырады кең дала,
Шуақ шашып нұрға бөлеп айнала.
Ақыл-парасат иесі асыл ағамыз,
Токсан бір жас – құтты болсын атаға!
Өмір жолыңыз өнегеге толы болсын,
Әрбір сөзің – бізге өсиет болып қосын.
Ұрпағыңыз қуанышқа кенелсін,
Алла беріп жасыңыз жүзге толсын!** – деп құттықтаушылар: **немере-шөберелері және «Атамекен» газетінің ұжымы.**

Аққайнар ауылының тұрғыны **ШАЯХМЕТОВ Орақбай** 11 сәуір күні мерейлі 80 жасқа толып отыр.

ҚЫМБАТТЫ ӨКЕ!

Сізді мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз.

Сіздің өмір жолыңыз – өнеге мен өрелі еңбектің, табандылық пен адалдықтың жарқын үлгісі. 1946 жылдың 11 сәуірінде Аққайнар ауылында дүниеге келіп, жастайыңыздан еңбекке араласып, өзіңіз таңдаған мамандыққа деген сүйіспеншілігіңізбен ел құрметіне бөлендіңіз. 1962 жылы кәсіптік училищеге түсіп, механизация саласының қырсырын меңгеріп, еңбек жолыңызды совхозда бастап, аз ғана уақыт ішінде «Озат механизатор» атануыңыз – сіздің еңбекқорлығыңыздың айқын дәлелі.

Жұмысты қатар алып жүріп, кешкі мектепті тәмамдап, білімге деген ұмтылысыңызды тоқтатпадыңыз. 1967 жылы техникумға түсіп, өз салаңыздың нағыз маманы болуға ұмтылдығыңыз. Сіздің ізденімпаздылығың бен алғырлығыңыздың арқасында «Комсомольская правда» газетінің байқауында жүлделі орын алып, Мәскеуге шақырылуыңыз – сол кездегі үлкен жетістік еді. Қазақстаннан жалғыз қатысушы болып, «Золотой колос» төсбелгісімен марапатталуыңыз – Сіздің тек ауданның емес, бүкіл елдің мақтанышына айналғаныңыздың дәлелі.

1970 жылы оқу орнын үздік аяқтап, туған жеріңізге оралып, еңбек майданында аянбай тер төктіңіз. Озат комбайншы атанып, «Чемпион жаты» төсбелгісін иеленуіңіз, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталуыңыз – маңдай термен келген абыройлы жетістіктеріңіз.

Сіз тек еңбекте ғана емес, өмірдің барлық саласында үлгі болдыңыз. Жастық шағыңызда спортпен айналысып, күрестен Жамбыл облысының намысын қорғадыңыз. 1971 жылы өмірлік серігіңіз Бибігүл апаймен шаңырақ көтеріп, өнегелі отбасы құрдыңыз. Ұл-қыз өсіріп, немере-шөбере сүйіп отырған бақытты әке, ардақты ата атадыңыз.

Қоғамдық жұмыстарда да белсенділік танытып, комсомол ұйымының басшылығында болып, жастарды еңбекке, тәртіпке тәрбиеледіңіз. Комсомол бригадасын ұйымдастырып, ел игілігі үшін аянбай еңбек еттіңіз. Көктемде жер жыртып, күзде егін орып, шаруашылықтың қай саласында болса да алдыңғы қатардан көріндіңіз.

Әсет Бейсоуов атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, ұлағатты ұстаз **БЕКНАЗАРОВА Гүлшира Әуесбаевна** 10 сәуір күні мерейлі 50 жасқа толды.

Гүлшира Әуесбаевна – саналы ғұмырын білім беру саласына арнап, шәкірт тәрбиелеу жолында аянбай еңбек етіп келе жатқан білікті педагог. Ол заман талабына сай білім мен тәрбие беріп, ұлттық құндылықтарды дәріптей отырып, талай шәкірттің жүрегінен орын тауып келеді.

Ұжым арасында сыйлы, туған-туысқа қадірлі, жүрегі мейірім мен шуаққа толы жан ретінде танылған ұстаздың еңбегі әрдайым жоғары



Сіздің ұйымдастырушылық қабілетіңіз бен көшбасшылық қасиетіңіз көпке үлгі болды.

Сіңірген еңбегіңіз еленіп, «Оныншы бесжылдықтың озаты», «Егін орағының чемпионы» төсбелгілерімен, 1980 жылы «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталуыңыз – ел алдындағы еңбегіңіздің ең жоғары бағасы. Ауылда партия ұйымының хатшысы қызметін абыроймен атқарып, елдің дамуына сүбелі үлес сіңірдіңіз.

1997 жылдан бастап ұстаздық жолға бет бұрып, Тоқаш Бокин атындағы орта мектепте ОБЖ және бастапқы әскери дайындық пәндерінен сабақ беріп, жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиеледіңіз. 2009 жылы зейнетке шықсаңыз да, сіздің тәлім-тәрбиеніңізді алған шәкірттеріңіз ел игілігі үшін қызмет етіп келеді.

ӨКЕШІМ!

Сіз – тұтас бір әулеттің ғана емес, бүкіл елдің ардақты азаматысыз. Сіздің өмір жолыңыз – кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге! Біз сізді шексіз құрметтейміз әрі мақтан тұтамыз.

Осы мерейлі 80 жасқа толған мерейтойыңызда өзіңізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық, шаңырағыңызға бақ-береке тілейміз. Немере-шөберелеріңіздің қызығын көріп, ортамызда аман-есен жүре беріңіз!

**Ел сыйлаған жақсылардың бірісің,
Сұықтобе тауындай тұлғалысың, ірісің
80 жасқа толған күнің құтты болсын, әкешім!**

Қуанышқа ортақ – ауылдақ пен туысың! – деп құттықтаушылар: **Шаяхметовтар отбасы және немерелері – Нұрай, Ернар, Анель, Рамазан, Мирас.**

бағаланады. Оның тәлімін алған шәкірттер өмір жолында өз орындарын тауып, биік белестерді бағындыруда.

Елу жас – кемелдік пен парасаттың, тәжірибе мен даналықтың биік белесі. Бүгінде Гүлшира Әуесбаевна өзінің елуінші гүл көктемін абыроймен қарсы алып отыр.

Осы мерейлі сәтке орай әріптестері мен шәкірттері ұстазға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасылық бақыт пен шығарма-шылық табыс тілейді. Көктем гүліндей құлпырып, әрдайым жайнап, еңбегіңіз жемісін көріп, құрмет пен қошеметке бөлене беруге тілектестік білдіреді.

**Қызғалдақ хош гүлдей боп,
Жүріңіз өдемі жарасып,
Көңіліңізді түрші көктемде
Өуезді жақсы өн ашып.
Бойыңыздағы өнерді ұстаздық қызмет шыңдасын
Өнегелі жастарға үлгі болып,
жарқын жолға бастасын!** – деп құттықтаушылар **Ә.Бейсеуов атындағы орта мектеп ұжымы.**

ЖИЗНЬ, ПОСВЯЩЕННАЯ СЛОВУ И ВЕЧНЫМ ТРАДИЦИЯМ



звания, он удостоен высокого титула Эльтебера – Президента болгаро-чувашского Тпарханата. Этот символический и духовный статус объединяет тюркские народы, укрепляя узы братства, взаимного уважения и исторической общности.

Особое значение имеет признание выдающихся деятелей Казахстана – таких как Осербай Байгельди, Абдукадыр Даутбеков и Шалхабай – удостоенных тпарханского звания. Это яркое свидетельство духовного родства чувашского и казахского народов, их единства в истории и культурном наследии.

В 2025 году по инициативе представителей культурных кругов Казахстана и Чувашии, при поддержке Мереке Кулкенова и Союзов писателей двух стран, были проведены литературные конкурсы, посвященные 180-летию великих акынов – Абай Кунанбаев и Жамбыл Жабаев. Эти инициативы стали ярким примером культурного диалога и взаимного вдохновения.

Дорогой Михаил Николаевич!

Примите самые сердечные поздравления с Вашим юбилеем! Пусть Ваша жизнь, наполненная творчеством, мудростью и благородным служением народу, продолжает вдохновлять новые поколения. Пусть крепкое здоровье, неиссякаемая энергия и светлая радость сопровождают Вас на жизненном пути.

С глубоким уважением и признательностью – Председатель Чувашского общественного культурного центра в Республике Казахстан **Храмов Николай, Муратхан Жамбылов, коллектив газеты «Атамекен».**

В эти светлые апрельские дни мы с глубоким уважением и искренней радостью отмечаем знаменательную дату – 90-летний юбилей выдающегося сына чувашского народа, Народного писателя Чувашской Республики, общественного деятеля и хранителя духовных традиций – Михаил Николаевич Юхма.

Родившийся 10 апреля 1936 года, он посвятил свою жизнь служению слову, культуре и исторической памяти своего народа. Как Председатель Союза писателей Чувашской Республики, Герой Чувашии и Заслуженный писатель Республики Татарстан, Михаил Николаевич стал не только голосом эпохи, но и живым мостом между поколениями.

Его деятельность выходит далеко за рамки литературы. Возродив древние тюркские традиции и

Жасанды интеллект және құндылыққа негізделген білім

Қоғамның даму үдерісі цифрлық технологиялардың ықпалымен жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауында жасанды интеллект барлық саланың қозғаушы күші, еліміздің инновациялық дамуының, цифрлық дербестігінің тірегі екенін атап өтті. Президенттің: «Алдағы бес жылдың ішінде Қазақстан цифрлық мемлекетке айналуы керек. Бұл – айқын әрі өзгермейтін мақсат. Себебі біз жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін толық пайдаланатын ел болуымыз қажет», деген тапсырмасы бізге үлкен жауапкершілік артып отыр.

Қазіргі таңда жасанды интеллект технологиялары білім беру саласына қарқынды енгізіліп, оқыту процесінің жаңа мүмкіндіктерін ашуда. Бүгінгі күнгі өзекті мәселе – жасанды интеллект мүмкіндіктерін тәрбие үдерісінде тиімді пайдалану және оны жалпыадамзаттық құндылықтармен үйлестіру.

Құндылыққа негізделген білім – бұл тек білім беру емес, сонымен қатар тұлғаның адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру. Бүгінгі оқушы – ертенгі ел болашағы. Сондықтан

олардың тек білімді емес, сонымен қатар саналы, тәрбиелі азамат болып қалыптасуы маңызды.

Алматы облысы әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен Жамбыл ауданындағы Сарыбай би ауылындағы орта мектебінің базасында педагогтерге **ЖИ-ді құндылыққа негізделген тәрбиемен ұштастыра отырып, оны оқу үдерісінде тиімді қолдануда әдістемелік көмек көрсету мақсатында «Жасанды интеллект және құндылыққа негізделген білім: үндестік пен үйлесім» тақырыбында облыстық семинар-практикум өткізілді.** Семинар-практикумға Алматы облысының білім беру мекемелерінің директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мен сынып жетекшілері қатысты.

Семинарға қатысушылар «Жасанды интеллект және болашақ шеберлер» алаңындағы дарынды оқушылардың жоба жұмыстарымен танысты.

Пленарлық кезеңнен кейін Жамбыл ауданының мұғалімдері Д.Худайбергенова (Абай ГМ), А.Бекетаева (А.Қарсақбаев ОМ), Б.Амирбоева (Қасымбек ОМ), А.Аштаева, Л.Рысбекова (С.Бердықұлов ОМ), С.Азаматова (Қ.Әбсәметов ОМ), Г.Жұмахан (Қастек ОМ), Т.Мулдахмедова

(Қарғалы №3 ОМ), Ұ.Дүйсен Ұланай (Мыңбаев ОМ), Б.Козытаев Ұзынағаш Ұ3 ОМ өз іс-тәжірибелерімен бөлісті.

Алматы облысының аудандарынан келген қатысушылар: «Тәрбие – тұлғаны қалыптастыратын үздіксіз үдеріс. Оның өзегінде құндылықтар жүйесі жатыр. Ұрпақ болашағын қалыптастыратын бұл маңызды үдеріс әрбір қоғамның дамуына тікелей әсер ететін маңызды фактор» екеніне баса назар аударды.

Семинарға жетекшілік еткен «Алматы облысы білім басқармасы» ММ «Облыстық әдістемелік орталығы» КММ «Білім беру менеджменті және инновациялық қызмет» бөлімінің әдіскері И.Сатаев, Алматы облыстық әдістемелік орталығының Жамбыл ауданы бойынша бөлім басшысы Л.Оразаева және аудандық білім бөлімінің әдіскері Э.Кистаубаева кері байланыс беріп, семинар-практикумға қорытынды жасады.

«Атамекен-ақпарат»

• Газет – 2017 жылғы қарашаның 9-да Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі, байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттік және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке алу туралы № 16738-Г Күәлігі берілген.

«ЖАМБЫЛ АТАМЕКЕН» ЖШС

Директор
Айнабекова М.Б.
Бас редактор
Әйгерім ӘБУ
Дизайнерлер
Мадина Тоқтасынова
Айнұр Қойкелова

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: 040600, Ұзынағаш ауылы, Мақатаев көшесі, 164 «А» үй. Телефондар: бас редактор – 2-44-28, 2-44-29, жалпы бөлім – 2-44-25, есепші – 2-44-27, факс-8 (72770) 2-44-28
Электрондық поштасы: 1932Atameken@bk.ru
• Осы шығарылымның таралымы – 7000 дана. Тапсырыс – 15 (755)
• Индекс – 65264. Көлемі – 2 баспа табақ.
• Газет аптасына бір рет, сенбі күні шығады.
• Суреттердің сапасына редакция жауапты.
• Жарнама, хабарландыру берушілер оның мазмұны мен мәтіні үшін өздері жауапты.

• Газетке жарияланған кейбір суреттер мен мәліметтер интернет жүйесінен алынды.
• Газетте жарияланған мақалаларды редакцияның жазбаша рұқсатынсыз жазуға болмайды.
• Автордың пікірі – редакцияның түпкілікті көзқарасы емес.
• Газет редакцияда компьютермен теріліп, «Алматы-Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында офсеттік тәсілмен басылады.

Тел: 378-42-00, факс: 378-36-76.
Алматы қаласы, Сәбит Мұқанов көшесі, 223 «Б».